

Сыр өңірі байырғыдан рухани мұраға бай. Дәстүрлі ұлттық өнердің туын тіккен жер. Қасиетті топырақтан алаштың жоғын жоқтайтын, киелі жырдың иесі атанған, жүдеуі жүйрік Жиенбай жырауды кім білмес?! Енді міне, шашасына шаң жұқтырмайтын шын жүйрік Жиенбай жыраудың жырларын жаттап өсіп, өнерге қадам басқан Шұғыла Мархабатова есімді талдырмаш қыз бойжетіп келеді. Бүгінде ол Көшеней Рүстембекұлы атындағы «Жыраулар үйіне» қарасты Тұрмағанбет ауылындағы клубта «Жиенбай жырау» үйірмесінде дәріс алып жүр.

ЖЫР ӨНЕРІНІҢ ШҰҒЫЛАСЫ

Гүлбану МАҚАЖАН

Шұғыла Қармақтың ауданы, Тұрмағанбет ауылында дүниеге келген. Бүгінде ол №29 Т.Ізтілеуов атындағы қазақ мектебін 9 сынып оқушысы. Үйірмедегі жетекшісі – Дінислам Тоқсанбаев.

Дарынды өрен ұстазымен бірге түрлі сайыстарға дайындалып, бақ сынап жүр. Талантымен танылып, түрлі байқауларда жеңіске жетті. "Алмас Алматы – 60 жасқа" атты аудандық жас жыршы-жыраулар байқауында жүлделі II орынмен, жырау Қуандық Бурлбаевтың 80 жылдығына арналған "Ақ домбыра қолға алып..." атты аудандық жас жыршылар фестивалінде арнайы дипломмен, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы аясында, даңғайыр жыраулардың ұрпағы, ақын сазгер, жырау Көшеней Рүстембекұлының 70 жылдық мерей тойына орай ұйымдастырылған "Күміс көмей – Көшеней" атты облыстық жыршы-жыраулар фестивалінде үздік өнермен дараланды. Байқоңыр қаласында өткен «Менің туған өлкем» атты балалар шығармашылығы байқауында да жеңімпаздар қатарынан табылды.

"Сыныпта 18 оқушы бар. Бәрі жыр жаттап, өнерге қадам басуда. Шұғыланы 2 сынып оқып жүргенде әкесі алып келді. Әжесі дүркір өнерді сүйетін, әнші болған кісі. Кішкентай ғана бүлдіршінге әуелі домбыра тартуды үйреттік. Қазір дастандар мен жырларды жатқа біледі. Жыр айтқанда арқаланып, жан дүниесімен беріліп айтады. Қыз бала болса да, қоңыр даусы құлақтың құрышын қандырады. Шәкірттің болашағын зор үміт күтеміз", – дейді ұстазы Дінислам Айтбайұлы.

ЕЛ ТІЛЕГІН АЛЫП ҰШ, АДАМЗАТТЫҢ БАҒЫНА...



Әдетте мемлекетті де, биікті де кінәлау оңай. Тәуелсіз ел болса да жүйеде көп кемшілік табуға болады. Бірақ күнде айтатын күйбең тіріліктің бітпейтін мәселесі, көп балдау аныңын шағымы, жемқорлықтың жанайқайы біз айтқалы отырған құндылықтың қасында тұкке де тұрмайды. Жоқ, бұл мемлекеттік жүйені ақтау немесе шырылдаған халықты өлеусіз қалдыру емес. Бар болғаны өлем Бейбітшіліктің қадірін білсе дейміз.

Гүлдана ЖҰМАДИН

Елге коронавирус инфекциясы таралмаған уақытты көзге елестетіңізші... Бейік халықтың күн де, түні де тыныш болған соң тоы тойланып, бар тапқаны жарияға мақтана көрсеткені күні көше ғана. Отыз жыл өркіндік сезінген жұрт бір-бірімен бақталасып бақты сонда. Бірақ елді дүрбеленге салуға бір вирустың жеткілікті болғаны шыншым таңқалдырды. Өлем әбгерге түскен тұста ел бойы күндей тыныштыққа жылап көрсердей жағдай жетті. Сонда ғана бар біз «Қайғысыз қара су ішсем, ризамын» деген кешегі қазақтың халін түсіндік.

толастамаған, қараңғылық пен нағандық үстемдік құрған Ауған қоғамындағы адам тағдыры мен әйелдер өмірін бейнелейтін «Жарқыраған мың күн» романын сіз де оқыған боларсыз, белгімі? Халед Хусейннің шығармасындағы Саиб әл-Табризиді мына өлең жолдары Кабулдағы жағдайды күрсініспен бейнелейтін еді ғой:

«Ай сәулесі шатырда, айдың саңын кім білген, Жарқыраған мың күн де қабырғадан көрінбес».

Шығарманың ер тарауына өткен сайын Кабулдың жарылысқа толы көшелерін көзіп жүргендей әсер береді... Кітап соңына жеткенде жылағың келеді: Ауған еліңдегі жағдай үшін және өз еліңдегі Тәуелсіздік пен Тыныштықтың қадірін білмей жүргенің үшін...

Бір топ бала тақта алдында тізіліп тұр. Жанарларынан әлде алыс арманның ұшқыны өлде әлемге бақыт сұраған бала тілектің нышаны байқалады. Ал өлемге бейбітшілік тілеген «Ақ көгершін» әні көкке әуелетіп барады...

Тыныш – бейбіт өмірдің Белгісі бол қанат қак

Өлемге ортақ көңілдің Қайт шыңына қонақтап...

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

АҚМЕШІТ жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

Жаннан қымбат оларға ар. Мен жастарға сенім.

№ 37 (418) 16 Қыркүйек, 2021 жыл

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



Шұғыла Сыр сүйелерінің ізбасары, жырау Шамшат Төлепованың 90 жылдығына арналған «Домбырасын моншақтаған жыр жаупарлары» атты облыстық қыз-келіншектер фестивалінде, Жаңақорған ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен «Текті сөздің тересі – терме» атты облыстық жас жыршылар байқауында жеңімпаз атанды. Облыстық «Босторғай» балалар шығармашылығы байқауында «Халықтың орындауы» жанры бойынша жүлделі I орынмен марапатталды. «Қорқыттан қалған қоңыр үн –V» облыстық балалар шығармашылығы байқауында да оза шатты.

Бүгінде Шұғыла ұстазымен бірге халықаралық байқауларда бақ сынап жүр. Астана қаласында Халықаралық "Астана жас толқыны" атты балалар мен жастар арасында өткізілген байқауға халықтық орындау жанры бойынша қатысып, қола медальмен марапатталды. «Қорқыт және ұлы дала сазы» атты халықаралық өнер фестивалінде де үздік өнер көрсетіп, көрермен көзайымы болды. Өзбекбайжанның Баку қаласында өткен «Мұғам» айтушылардың халықаралық өнер фестивалінде ел намысын қорғап, жеңімпаз болды.

Мақпал мақам мен субелі сөзге ұйытып, рух сезініп өсіп келе жатқан жастардың бірі Шұғыла Маратқызы алғаш өнер әлеміне қалай келгенін айтып берді.

«Бірінші сынып оқып жүргенімде сөмкемді әзер көтеріп сабақтан келдім. Анам ас дайындап жатыр екен. Қолында бір жапырақ қағаз. Онда «домбыра үйірмесіне балаларды шақырмыз» деп телефон нөмірі көрсетілген екен. Анам хабарласып, сөйлесті. Менен домбыра үйренгің келе ме деп сұрады. Баламын ғой, барып көрейін деп қызығушылық білдірдім. Түс ауа анам ауылдағы клубқа ертіп апарды. Мәдени ошақты алғаш көрім. Жан-жағыма аң-таң болып, бәрін қарап шықтым. Ұлттық киім киген өнер адамдарының суреттері, жетістіктері ілулі тұр екен. Аянау не, мынау кім деп сұрақтың астында қалдырдым. Кітапханаға да бірінші рет бардым деп айтамын. Кейін ауылда «Шапқанан шат-шат жырлары» атты өнер фестивалі болды. Көптеген жас жыраулар жиналды. Сахнаның дәл алдында концертті тамашаладым. Сонда маған қамажай көйлек киген, үкілі тақиясымен сахнаға көтерілген Ақсұңқар Буркітбай есімді қыз қатты әсер қалдырды. Ұлттық киім де, домбырасы да – бәрі өзіне жарасып тұрды. Жыр айтқандағы дауысы да зор екен. Таңырқап тыңдап қалыпты. Сол күні үйге керемет әсерімнен ордаңдап болсақта мен де үлкен өнер иесі болып, шәкірттер тәрбиелегім келеді», – дейді Шұғыла Маратқызы.



2020 жылдан бері коронавирус инфекциясымен Қызылорда облысында 17 106 науқас тіркеліп, 15 539-ы емделіп шықты. Бүгінгі күні коронавирус инфекциясымен 69 жағдай Қызылорда қаласында – 34, Арал – 1, Қазалы – 2, Қармақшы – 5, Жалағаш – 1, Сырдария – 4, Шиелі – 8, Жаңақорған – 14 науқас тіркелді. 15 қыркүйектегі жағдай бойынша Қазақстан өңірлеріндегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасына зер салсақ, Қызылорда облысы «сары» аймақта.

Гүлбану ҮСЕНҚЫЗЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова індетке қарсы атқарылған шараларға тоқталып, денсаулық сақтау саласының алдағы міндеттерін саралады.

«Жолдауда Президент адамзаттың келтірген қауіпті індетті бастан өткергенін және вакцина пайда болғаннан кейін ғана аты жаман дерттерге тоқсауып қойылғанын ерекше атап өтті. Сондай-ақ Жолдауда ДДСҰ тіркелген вакциналарды тезірек сатып алуды тапсырды. Ақпан айында басталған вакцинаны бүгінге дейін 1-компонентті 314 700 доза, 2-компонентті 274 290 доза жеткізілді. Қазіргі уақытта облыста вакцинаның 3 түрі бар. Олар: Гам-КОВИД-Вак («Спутник V»), «Qaz Covid-in», «Sinopharm Vero Cell» қолданылады.

Оған қоса «Hayat-Vax», «Коронавак» вакциналары бар. Басым көпшілігі коронавирус инфекциясына қарсы вакцина алмаған адамдар арасында ауру тіркелуде. Ал жан сақтау бөлімдерінде ең қабылдап жатқан науқастардың 95 пайыздан астамы вакцина салдырмаған азаматтар.

Бүгінгі күні вакцина қабылдаған бірқатар еңбек ұжымдарында ұжымдық иммунитет қалыптасты деп айтуға болады. Себебі бытыр медицина мамандары арасында коронавирус инфекциясына шалдығу жағдайлары көптеп орын алды, – деді Әлия Мүтәліпқызы.

Коронавирус сияқты респираторлық вирустар адам ағзасына көз, мұрын немесе тамақ арқылы құрамында вирусты бар шырыш немесе тамшылардың түсуі арқылы таралады. Кебінесе таралу қол арқылы болады. Қол – вирустың бір адамнан екінші

адамға таралуының ең жиі кездесетін жолының бірі.

Жаһандық пандемия кезінде вирус таралуының алдын алудың ең қолжетімді, қарапайым және маңызды тәсілдерінің бірі – қолды сабынмен және сумен жиі жуу. ЮНИСЕФ қолды дұрыс жуу туралы ақпарат ұсынды. Қолды тез жуу және шаю вирустан толық құтылуға көмектеспейді. Қолды кемінде бір минутқа жетер-жетпес уақыт аралығында жуу қажет. Қолымызды кез келген температурада сумен жууға болады. Микробтар құрғақ теріге қарағанда ылғал теріде оңай таралады, сондықтан қолды толық келтіру маңызды шарт. Қазақ сүлгілері немесе таза майлықтар – микробтарды жоюдың ең тиімді жолы.

«Сары аймақта» болу салғырттықты көтермелді. Сақтық қажет. Ересектер сақтық шараларына жіті мән береді, балапағра қауіп төнбесі анық.

Цифрлық боданды басталды ма?

4

Ұлттық байқаудың озаттары

5

STOP: COVID

03 ҚАЛАНДЫ ТАНЫ

Дәл осы атпен қалада тарихи сайыс өтті. Сайысқа «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының белсенділері, этнос жастары мен еріктілер қатысты. Мақсат – жастар арасында қаламыздағы маңызды зор тарихи және мәдени ескерткіштер мен орындарды, шаһарымыздың басты құндылықтарын кеңінен таныту. Сондай-ақ қала тарихына қатысты білім жетілдіру.



Барлығы 4 топқа бөлінген қатысушыларға тарихи орындарға қатысты түрлі сұрақтар мен тапсырмалар берілді. Тапсырмалар мен жазырылған сұрақтарды уақытында тапқан және толық мәліметтің ұсынған топтар жүлделі орындар иеленді. Интеллектуалдық сайыс Б.Шөкенов атындағы саябақтан бастау алып, Достық үйінде аяқталды.

Нәтижесінде қазылар алқасының шешіміне сәйкес «Сыр Ана» тобы жүлделі I орын, «Туран» тобы II орын, «11 аймақ» тобы III орынды иеленді. Шара соңында облыстық ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ директорының міндетін атқарушы Ф.Әбдібағдатұлы жеңімпаздарды марапаттады.



Еңбек лагері Таң ауылына қарасты «Манақ баба» шаруа қожалығында өткізілді. Шаруашылық басшысы Берік Шығартаев жастарға арнайы қой атап, өзінкі қонақжайлылығын көрсетті. Лагер мақсаты – жастарға ұмытылып бара жатқан қазақ дәстүрлерін дәріптеу, ұлттық ойындарды насихаттау. Екі күн жастар

ату, пір тасын көтеру, лаңгі тебуі сайыстарына қатысып өзара бақ сынады. Кешкі асқа қуырдақ жасап, бірінші күні кешкі алау жанында ән шырықпады. Екінші күні жастар атқа мініп, жасанды серке тартып, балық аулап, ет асты, қонақ күтуге дайындық жасап, қыздар бауырсақ пісірді, қолдан қамыр жайып, ет қамына кірісті. Таң

ЕҢБЕК ЛАГЕРІ

Жалағаш ауданында дәстүрлі түрде еңбек лагері өтті. Еңбек лагерін аудандық жастар ресурстық орталығы және «Сұңқар» әлеуметтік қамқорлық орталығы» қоғамдық қоры ұйымдастырды.

Еңбек лагерінің басты мақсаты аудан жастарының ауызыршылығын нығайтып, жаңа бір орта қалыптастыруды көздеген мақсаты орындалды. Екі күнге созылған жастардың еңбек лагеріне аудан әкімінің орынбасары Жасұлан Еспенбет, облыстық жастар ресурстық орталығының орынбасарлары Мақсат Дәуылбай мен Гүлнәз



шаруашылыққа атқарылатын жұмыстарды өздері істеп, білетіндері өз ептілігін көрсетті, білмегендері сол жұмыстарды жасап үйренді. Ер балалар шаруашылық қызметкерлеріне шөп жинап, қой қырыққа көмектесті, қой сойды, қыздар ішек-қарын тазалады, таңмен тапаса сиыр сауып, қатық ұйытып, айран пісіп, қиғаш пан қамді. Лагер қызығы одан әрі жалғасып, ер балалар асық



ауылының жастары бақшада өсіп тұрған, дәмі тіл үйретін қауын, қарбыз ұсынып, ауыл жастарымен таныстық жалғаса түсті. Лагер арасында шаруашылық жұмыстарында белсенділік танытып аудандық жастар үшін ұйымдастырушылар «Лагер аруы», «Лагер сұлтаны» номинациясын табыстап, арнайы диплом және бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Айдарбекова, жыршы-термеші Марат Сүгірбай, ақын Мөлдір Айтбай, Қармашы аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Сырым Әділбеков қонақ болып келді. Олар Жалағаш ауданы жастарымен кездесіп, пікірлесіп, ыстық лебіздерін білдіріп, жастарға өңнен шашу шашып, арнау айтып, лагердің көрініс қыздырды.



НҰРБЕК ӘДІЛХАНОВ: ФАРМАЦЕВТИКА ӨНЕРКӘСІБІНЕ КӨҢІЛ БӨЛУ ҚАЖЕТ

Мемлекет Басшысы биылғы Жолдауында денсаулық сақтау саласына 11 нақты міндет жүктенді. Оның ішінде отандық фармацевтика өнеркәсібін ерекше көңіл бөлу қажеттігін баса айтты. Бүгінде еліміздегі дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдықтың 17 пайызы ғана отандық өнім екенін айтып, 2025 жылы оны 50 пайызға жеткізу қажет деген тапсырма берді. Өзіндік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық медициналық және фармацевтикалық бақылау департаментінің бөлім басшысы Нұрбек Әділханов Жолдаудан туындайтын міндеттер мен тапсырмалардың облыстық деңгейде орындалу барысын айтып, атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

көлемдегі үлес мөлшері бойынша бірінші орын отандық өнімге, екінші орын неміс өніміне тиесілі. 2020 жылғы барлық сатып алынған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардан отандық өнімнің үлесі 37%-болды. 2024 жылға қарай 80%-ға дейін арттыру жоспарлануда. Жалпы, пандемия кезінде отандық Химфарм, Нобель медициналық бұйымдар өндірушілері өндірістік қуаттылығы едәуір арттырды. Азитромицин мен Левофлоксацин секілді коронавирусты емдеуде сұранысқа ие препараттардың өндірісі артты. Медициналық мақсаттар мен қорғаныш қосымаларын өндірушілерді санау 5-ден 15-ке дейін, сондай-ақ дәрілік заттардың қосымша 50-ден астам түрін шығару жоспарлануда.

Елімізде жұмыс істеп тұрған және жаңадан ашылған өндірістік алаңдар тиісті фармацевтикалық практика стандарттарына сәйкес болуға белсенді талапталуда. Оның ішінде Қызылорда облысы бойынша 5 дәрханә қоймасының GDP сертификаты бар. Нұрбек Әділханов отандық фармацевтикалық индустрияға көңілен тоқталды. Айтқаныша кәсіргі таңда отандық фармацевтикалық индустрияда 96 кәсіпорын жұмыс істейді. Олардың 33-і дәрілік заттарды, 41-і медициналық бұйымдарды және 22-сі медициналық техниканы өндіреді. Коронавирус жұмыс істейтін қандай да бір пандемияға байланысты дәрілік заттарға сұраныстың күрт артуы өткен жылы отандық кәсіпорындардың өндірісін 34,1% ұлғайтуға себеп болды. Осы жылы сатып алудың жалпы

Бетті дайындаған: Мөлдір САБЫРЖАН

ЖОБАЛАР ЖЕҢІМПАЗЫ



Облыстық стартап жобалар байқауы қорытындыланды. Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен биыл кәсіпкерлікті дамыту және бизнес-әлеуетті арттыру мақсатында «Kyzylorda Business Hub» байқауы 3-інші рет ұйымдастырылды. Шараға 16 мен 29 жас аралығындағы жастар қатысып, 214 адам өз жобасын ұсынды. Жобаның негізгі серіктесті – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті мен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы.

«Ел экономикасының өркендеуіне, бизнестің алға жылжуына үлес қосу мақсатында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті базасында 2017 жылы «Бизнес-Старт» бизнес-инкубаторы ашылды. Жастар кәсіпкерлігі орталығында 118 жас кәсіпкер өз бизнесін ашып, қанаттанды. Қазіргі таңда 33 студент бизнес-жобасын үйлестіруде. Орталықтың ауқымды жобаларының бірі – KYZYLORDA BUSINESS HUB. Бұл жобаға облыс жастарынан 1200-ден астам өтімін түсіп, 420 жоба қатысып, 13 жас кәсіпкерге инвестиция тартылды, – деді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы, ректор Бейбітқұл Керімов.

негіздерін оқытып, бизнес-жобалар таңдалды. Қатысушыларға «Кәсіпкер психологиясы», «Маркетинг негіздері», «Дизайн-ойлау», «SMM» және «Бизнес-жоспар» тақырыптарында 3 күндік семинар-тренинг ұйымдастырылды», – деді «Business Start» инновациялық жобаларды іске асыру орталығының басшысы Жанарыс Түбекбаев. Өткен жылғы 11 жобаға 19,8 млн теңге инвестиция тартыса, биыл 9 млн теңгені құрады. Жартылай финалға 152 жобадан іріктелген 88 жоба қатысты. Нәтижесінде, 20 жоба финалдық кезеңге өтіп, инвесторлар алдында қорғауға мүмкіндік алды.

Бұл орталықтың жалғыз жетістігі емес. 2018 жылы «Жас проджект» жобасы аясында орталық резиденттері 22 000 000 теңге қаржыландыруға қол жеткізді. «Alt-time project night» республикалық стартап жобалар байқауында университет командасы I орын иеленді. «Shevtop» компаниясының байқауында экологиялық стартап жобамыз 800 доллар кіші грантқа ие болып, республика бойынша II орын иеленді. «Unisec» халықаралық қорының байқауында білім саласындағы «КБХ-Финанс» стартап жобасы 1000 доллар қаржыға ие болып, I орын алды. «Байқау сәуір-қыркүйек аралығында жүзеге асырылды. Жалпы 4 кезеңнен тұрады. Биыл Қызылорда, Байқоңыр қалалары мен 7 ауданда кәсіпкерлік

«Өнерге қызығушылығым бүгін жеңіске жеткізді. Бұл жобаға Арал ауданынан қатысып отырмын. Жобаның аясында – сымдыры мүйізден түрлі қадесый жасау. Бұл өнермен айналысқанымға 4 жыл болды. Өзім Арал ауданының өнер мектебінің мұғалімімін. Жастарға қолдау білдірген ұйымдастырушыларға алғыс айтамын», – деді жоба жеңімпазы Құрманғазы Бектұрсын. Айта кету керек, университет ректоры Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің II курс студенті Дидар Сәрсенбекке өз жобасын ары қарай дамытуға мүмкіндік берді. Дидардың жобасы – «3D дизайнерлік студиясы». Алдағы уақытта жоба қатысушысы университет базасында жұмыс істейді.

«ЖОМАРТ ЖҮРЕК»



Қала әкімінің орынбасары Аскарбек Есжанов қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып, өлмен өткен жүріп, моқтаж жандарға көмек қолын созған дархан пейіл, етең жүректі қызылордалықтарды «Жомарт жүрек» байқауының қалалық кезеңінің қорытындысы бойынша марапаттады.

«Сыбаға» ЖШС директоры Ләйла Ризвановаға табысталса, «Туған өлке» номинациясымен ауылдың абағтануына ерекше үлес қосқан «Бақ-Берке-2030» ЖШС бас директоры, қалалық мәслихат депутаты Қайрат Ернарзаев марапатталды.

Илігікті іс-шара Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылды. «Жомарт жандар қаламыздың көркеюіне, әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлес қосып қана қоймай, өлемді шарпыған пандемия кезеңінде де жомарттық пен елжандылықтың жоғарғы үлгісін көрсетті. Қолында барын халықтың игілігіне жұмсап, іргі іске атсалысқан рухы биік жандарға қала тұрғындарының атынан шынайы алғысымды білдіремін, – деді қала әкімінің орынбасары. «Жомарт жүрек» сыйлығы 5 номинация бойынша табысталды. Байқаудың «Жыл мененаты» байқауында қарымның ұжымында да қайырылы ісін жалғастырған

«Жыл тұлғасы» номинациясымен жыл көлемінде қаламыздың әлеуметтік саласына тұрақты түрде қолдау көрсеткен «Абай» шаруа қожалығының басшысы Мұрат Нұрсұлтанов, «Жылдың үздік ұйымы» номинациясымен «Қызылорда қалалық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сәкен Алдашбаев, «Жылдың үздік қамқоршысы» номинациясы «Қамқорлық» қандағы орталығының директоры Жандос Тұсмағамбетовке табысталды.



БАЙҚАУ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ

Нұр-Сұлтан қаласы, Достық үйінде онлайн форматта ҚХА Аналар кеңесі мен «Қарашаңырақ» РҚБ ұйымдастыруымен және «Алтын қыран» халықаралық қайырымдылық қорының президенті И.Салжановтың демеушілігімен «Ана өлді» республикалық байқауының марапаттау рәсімі өтті.

Мақсат – бесік жыры арқылы ұлттық тәрбие негіздерін, мәдени құндылықтарды насихаттау, ұлттың салт-дәстүрін дәріптеу, жас ақпандар мен сазгердің ұлттық нақыштағы шығармашылық ортасын қалыптастыруға ықпал ету. Бағалау критерийлері бойынша бейнероликтің тәрбиелік, дамытушылық мәніне, орындалу шеберлігіне, эмоционалды қабылдануына және мәтіннің мағыналы нақыша сай мағыналы және жеңіл етіп, жаңа форматта халыққа жеткізуге барынша атсалысқан, «Ана өлді» республикалық байқауына қатысушылардың материалдары өңірлерде іріктеліп, республикалық байқауға жіберілген болатын. Аймақтардағы байқау жұмыстарын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін педагог, ақын және сазгерден жасақталған қазылар алқасы құрылып, байқау шарттарына сай қорытынды шығарды. Нәтижесінде I орын Ақтөбе облысынан Ойыл аудандық мәдениет үйінің «Ойыл ауданы келіндері», II орын Қарағанды облысынан Башы Меруеш Байшайқы және Қызылорда облысынан Бақытқұл Болысбекқызы, III орын Шығыс Қазақстан облысынан Мәриям Мұбарқызы Мұрсалинова және Павлодар облысынан Марина Вагина марапатталды. Сонымен қатар «Өнді орындау шеберлігі үшін» арнайы номинациясымен Света Жаңабайқызы, «Қойылымның тәрбиелік мәні үшін» Ләйла Байқожаева және Салтанат Исабай, «Мәзміні мөтін үшін» Ақмарал Әлібекқызы Биназарова марапатталды. Байқауға қатысқан барлық қатысушыларға сертификат берілді. Өңірлік байқауды салталау ұйымдастырғаны үшін Қызылорда және Ақтөбе «Қарашаңырақ» ҚБ филиал директорлары Рағиға Игенбаева және Бақыт Жаншәеваға Алғыс хаттар табысталды.



Бәктөре АЙТБАЕВ



Бексұлтан ОРЫНБАСАРОВ

«ЖАСТАР ЖЫРЛАЙДЫ»

ЖАЗБА АҚЫНДАР АЙТЫСЫ

Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай ұйымдастырылып жатқан «Жастар жырлайды» жазба ақындар айтысының алғашқы айналымы қорытындыланды. Қазылар алқасының шешімімен 8 ақын келесі кезеңге жолдамға алды. Олар Бексұлтан Орынбасаров, Алтынбек Қыстаубаев, Динар Рахман, Шыңғыс Құдайберген, Серікхан Жүзеев, Айдар Сайлауов, Бәктөре Айтбаев және Айбану Қалиева. Іріктелген 8 ақын жеребеге сәйкес жұпталып, жартылай финалдың жолдамасы үшін сөз таластырмақ. Сонымен жеребе рәсімі төмендегідей.

Бексұлтан Орынбасаров пен Бәктөре Айтбаев, Айдар Сайлауов пен Серікхан Жүзеев, Динар Рахман мен Алтынбек Қыстаубаев, Шыңғыс Құдайберген мен Айбану Қалиева жұпталды. Ендіше оқырман назарына алғашқы жұп Бексұлтан Орынбасаров пен Бәктөре Айтбаевтың айтысын назарларыңызға ұсынамыз.

Бәктөре Айтбаев:
Самғайтын көңілімде ән құсым бар,
Бәрің де жыра құмар жанбысыңдар.
Жазба ақындар айтысын жасап
Жатқан, жасампаз жастарыма алғысым бар.
Ал ендіше көрейін бір көсіліп,
Көтеріліп кетпесе қан қысымдар.
Ассалаумағалейкум баршаңызға,
Айтыс сүйер, ағайын, армысыңдар!

Жайқалдырып өлеңім гүл көктемім,
Өнердің айдынына шын беттедің.
Айналайын, Бексұлтан, аманбысың?
Бүгін қайрап келдің бе тіл кетпенін?
Өрі жырау, нам бақсы жасағым бар,
Оқыған жігіт едің жыр мектебін.
Жарқыраған алтын басты аған едім.
Ағанды үлгі тұтып құрметтегін.
Ағасы бар адамның жағасы бар.
Жан бауырым жағаңды кірлетпегің!

Бексұлтан Орынбасар:
Бұзбайтын жорға болсаң жүрсіңді,
Көретіш мынау елге дұрыс үлгі.
Ассалаумағалейкум Бәктөре ақын!
Қандырар сөз айтайын құрышыңды.
Жарқыраған алтын басты ағанымын деп,
Сен осылай шығардың дыбысыңды.
Жылтырақтың барлығы ай болмас,
Қолда барда қадірле күмісінді.
Жырау дейсің біресе бақсы дейсің,
Дұрыстап жеткізбейдің жұмысымды.
Бақсы болып қағайын келші бәрі,
Мекен етіп алған-ау жың ішінді.
Жағанды кірлетпе деп ақыл айттың,
Жаға болсаң жөңдеші тігісінді.
Ініс бар адамның тынысы бар,
Бұл Бексұлтан өзің ең сынды.
Інінің абыройын аласартып,
Тартылып алып жұрме тынысыңды.
Біссімілпа шабыт келсе хақтан лезде
Сөйлейін қызыл тіл мен жақ бар кезде.

Өлеңқұмар, әлеумет аманбысың?!
Қолдап отыр ақынның шапқан кезде.
Ақмешіттің жастары жазба айтыс деп,
Жазған еді жаз болып жатқан кезде.
Біраз айтыс кейінге шегерілді,
Қаланы карантинге жапқан кезде.
Міне, бүгін финалы болып жатыр
Сауы күз өсіміңді қаққан кезде.
Айтысуды сағынып жүрген едік,
Хабар келді деп бүгін жатқан лезде.
Сауы алтындай саф өнер қайта келді,
Сағыныштан сарғайып отқан кезде.
Ау, Бәке, ойланамын сені көріп,
Барады күннен-күнге өңің өніп.
Ақынмын, ағамын деп мақтанасың,
Көп жерде тіліңменен бігі орып.
Отызда орда бұзбай әлі жүрсін,
Бойыңда бойдақтықтың желі болып.
Соқа басың сопайып етесің бе?
Жалаңда жалғыз жортқан бөрі болып.

Бір сұлудың көнілін таба алмасаң,
Несіне жетіссен сөрі болып.

Бәктөре Айтбаев:
Қанықпын сенің өрлі өлеңіңе,
Бойлашы айтар сөздің тереңіне.
Бауырымның бірі едің жақын тартар,
Емші сөз таба билер ел өміне.
Басқа салған тағдырым осы болса,
Жаратқанның көнімін мен өбіне.
Отызда орда бұзбады деп айтпады.
Сүйенсек Бексұлтаным дерегіне,
Жасым анық жиырма сегізге еді,
Отызда орда бұзам ане-міне.
Білімге бетбұрысты жасап жұрмим,
Кесте сөзді келтіріп кемеліне.
Пенделер тек әрекет етушілер,
Келін сыйлар күн туар кең еліме.
Құдай өзі жазбаса таразилден.
Сұрап алған бақыттың керемі не?
Өмірде біз шұбырып көлігі көшкен,
Оңтайлы өмір орайып тұрбестен,
Ақын болсаң алдың сапа айтайын,
Татымсыз тармақтарды көп тізбестен.
Өмірде үш аяқты бір тұлпар бар.
Барады ешбір жаңды жеткізбестен.
Шегендеп деп жауабын қайтарарсың.
Отыз екі қатарлы шепті үзбестен.

Бексұлтан Орынбасаров:
Бәктөре адамсыз той сөз білімді,
Сөз айтсаң жарар еді ізі құнды.
Тұлпарда төрт аяқ болмайды ма?
Бірақ та біртүрлі өкен сіздің үлгі.
Үш аяқты тұлпар деп жұмбақ еттің,
Ал ендіше табайық біз мұнында.
Тұлпардың бір аяғы бақыт болар,
Қуанышқа толтырған жүз жылыңды.
Ал екінші аяғы байлық болар,
Келтірген дәмніңменен тұздығыңды.
Үшінші аяғы бар атақ деген,
Танытқан шарғараңа сіздігіңді.
Тақымныңан таймайды осы тұлпар,
Тартып ұста иман деген тізігіңді.
Талабына жақпайтын май іштін бе?
Осылай әлсіз жерден майыстым де.
Сұрап алған бақыттың керемі не?
Деп, Бәке, әлі жүрсің өзің үстінде.
Ниет етіп алдыға қадам бассаң,
Төтті күндер басталар той үстінде.
Егеменді еркін ел боламыз деп,
Ақжастар атау қолды айсыз түнде.
Солардың арқасында заман келді,
Бозторғай жұмыртқалар қой үстінде.
Сондықтанда, Аражан, айтатыным,
Деген сөз жарамайды қойшы мүлде.
Әрекетін бастасаң Алла өзі,
Берекетін береді қай істің де.
Мен-дағы іні болсам, сенсің – ағам,
Жұмбаққа жауап бердім сен сұраған.
Мен де саған бір сұрақ қояйыншы,
Өнерден өзге тіл еншіні алам.
Егеменді елімің көк Туыңда,
Астарлы суреттер бар, болсың аман.

Мықты болсаң солардың мағынасын,
Біртіндеп түсіндіріп берші маған.

Бәктөре Айтбаев:
Көгімде жарқыраған күн күледі,
Соқса да асау дауыл түрлі лебі.
Көк аспанды қара бұлт басса егер
Жер-жаһан үрке қарап дүрлігеді.
Байрақтағы көк түсті негізге алсақ,
Ашықтық, тазалықты білдіреді.
Күн шапты нұрлы сыр айбынымыз,
Оңынан туа берер ай-күніміз.
Көк аспандай қуатты ағаң барда,
Төл өнерді дамуға сай қылыңыз.
Шуақты күн мызғымас ынтымақтық,
Сарқылмас дәулет пенен байлығымыз.
Тіршілікке нұр төккен жарық ғалам,
Өлеңменен өрелі із салып барам.
Қырандай биік шыңды бағындырар.
Талабына нұр жауған даңқты адам.
Алтын бұржіт қазақтың әр бейнесі,
Өлеңдік өркениетке қалықтаған.
Байрағымыз биіктен құламысың,
Өнераным шырықалып шарықтаған.
Көк бөрінің ұрпағы біздерміз нық,
Бір-бірін батыр деуден жалықпаған.
Асыл сөзді қастерлеп ардақтайын,
Жеңіл сөзді жолатпай қаңбақтайын.
Тілге тиек еткенбіз төре сөзді,
Түбіріне зер салып барлап жайын.
Таудай талап тізгіңдеп, асау жырмен.
Бақ кетпесін басыңнан бармақтайын.
Батасын алсаң текті елдің,
Мәйекті сөзді шектер кім?
Бола бәлаға жол салып,
Белің бұсама ба деп келдім.
Тәңірім жазса ханшаменен,
Шаңырақ құрып көктермін.
Сүйінбайдан қалған мақаммен,
Көмеңден жырды төккенім.
Болашаққа құрдым жоспарды,
Өкінішін айтпай өткенім.
Дүние деген терең су,
Түбіне оның жеткен кім?
Бір жеңім саған ұстатам,
Сыйластық деген шекпенің.
Өзіңе айтар сол тілек –
Қазығандай бол өтпелдің
Тектілік ізін жалғашы,
Сұлтандар менен бектердің!

Бексұлтан Орынбасаров:
Қазық болмасыңды сақтайыңшы,
Кеудеден шыққаныңша мәңгілік дем.
Айтпа бір ауыз сөз қойлайдым,
Өткенге сәл үңіліп қарайладым.

Қызыл-жасыл түрленген дүниенің,
Біз көрдік қызыл, жасыл, сары аймағын.
Іргемдегі індеттің ілмегіне,
Ілініп кете барды талай дарын.
Отыз екі қатардан ассадағы,
Олардың айтай кетем қалай бәрін?
Жақсылық Үшкемпіров атам өтті,
Қазағымың көрестім мол айбарын.
Байрақтағы көк түсті негізге алсақ,
Ұрпаққа мұра қылды сан ойларын.
Сырда тұған Қарақас алағым бар,
Сәзгер Кенес Дүйсекеев ағайларым.
Елімің шын тілеуі Нұртілеу еді!
Келтірген қайратты сөз орайларын.
Әбдіғалпал Сманов біртуар жан,
Ұйған уағызына талайларын.
Ескен желдей Ескендір ағам өтті,
Ән бастасам елжірет соны ойладым.
Бөрі де ел сыйлаған адамдар той,
Ақ басқан асылдарым самайларын
Сондадай тұлғаларға Жаратқаным,
Нәсіп етсін жәннаттың сарай бағын.
Алла деген ағайын аман болып,
Қуаныш нұрға толысын маңайларын.
Бақ-береке жайласын деп тілегімін,
Кәсіметі қазақтың әр аймағын
Беліңді келдім дедің бұлы мұнда,
Сен өзі түніменен тынықтың ба?
Сүйінбай мақамына салам дейсің,
Жазба айтыста отырсың, ұмыттың ба?

Өзің де аяқтауға беттеңің-ау,
Біраз өлең жазыпсың кіріп мұнда.
Ендіше қош аман бол, айналайын,
Көп сөйлеп көркем сөзді былықтырма.
Көп ұзамай жеңгем жолыққайсың,
Жалғыз жүріп шықпайды жігіт қыра.
Құдайдан соң жастардың қолында тұр.
Ертеңі ұрпақтың да, ұлттың да.

Бәктөре Айтбаев:
Айтыс қалай болар деп ойда жүрдім,
Абыройы биікте аймағымың.
Отыз екі қатарға шақтап жаздым,
Ораманы өзің сөзбен ойдағымың.
Ойлы ұяқас келтірсем қиыстырып,
Өрнегің сөз қыласың байрағымың.
Қайманамның қадірін білер жанмын.
Қажеті жоқ деп бұлай қайрауыңның.
Ақынның өлте азық тегті өлең.
Қазактың арта түссін бақ беделі.
Арда тұған ұлдармыз бір атадан,
Өрнек деп төрден тартпа Бәктөрең.
Алла қалап карантин аяқталып,
Тойды ашық жасайтын сат келеді.
Арманнан Сыр суындай тасып барам,
Жай отындай қалай тез жасып қалам.
Көп жұмыс офлайнға көшкенмен,
Беруде зер салының "ашық" қол мен.
Арбаменен қолыңды алар дөуші еді,
Жандардың бірі менің асылғанам.
Вакцина мен құтылып бақылаудан,
Уақыт келсін үрейден қашықтаған.

SBER GOVTECH МӘСЕЛЕСІ

«ҚР Цифрлық даму министрі тікелей эфирде тұрды да “Біздің Цифрлық Қазақстан жасасақ ойымыз тығырыққа тірелді. Қазіргі таңда біздің мемлекеттің цифрлық басқарылуы 400-дей жүйеден құралған. Олардың барлығы жобаның 30-40 IT компания басқарды. Мәліметтер қоры бір-бірімен қабыспайды. Шашылып жатыр. Бұдан әрі бұлай жалғасуы мүмкін емес” деді.

Ең қызығы, дәл осы әңгімені біз бұған дейін әр жерде сұхбат бергенде айтып жүргенімізде ешқайсысы мойындамаған болатын. Түсінгенім, оны мойындау үшін ҚР Президенті Қ.Тоқаев мырза тапсырма беру қажет болты. Анализ жасау қажет болты... Ешқандай анализсіз жөз алдында құлап жатқан сайт пен бір-бірімен араласып, былығып жатқан мәліметтер қорын бәрі көріп отыр ғой.

Министр Мусиннің позициясымен келісуге болады. Мойында тапсырма тұр. Президент те мәселені жеке қадағалауына алған сыңайлы. Цифрлық трансформация жасалуы керек. Мақтаулы Егов тіпсінен қаз айтылып, 1-2 млн актив сессия болса, қаулықтық достан есінен танып құлапты деп шатынап тұр. Қайтпек керек? Әрине, “Система шіріп кеткен! Түбегейлі ауыстыру керек” деп айқайлаған сантехник секілді, қазіргі тұрған егөвты ары қарай жамап-жасай бергенше және мемлекеттің басқаруының әртүрлі деңгейіндегі 400-ден астам ақпараттық жүйенің барлығын бұдан әрі арқалап жүре бергенше, түбегейлі жаңа парадигмаларға модельге көшісі келеді. Құтарлық па? Иә! Әңгіменің қызық жері осыдан көп шығады. Себебі, қазақстандық IT қауымдастық жаздан бері дүрлігіп жатырмыз. Өйткені біздің үкімет теріскей көршіміздің Sber GovTech атты технологиясына құда түсіп, құлағына сыра сап қайтыпты. Ол азайды, бұл жобаның әрмен қарай іске асуы үшін мемлекетаралық меморандумға қол қойып, біздің Президент пен ресейлік басшы оңланба бата берді. Осы жерге келгенде, біз аң-тән болдық



та қалдық. “Көке, цифрлық бодандық қой мынау?” деп. Сөйтсек, осы уақытқа дейін бұл мәселе жөнінде там-тұмдап қана ақпарат беріп келген ҚР Цифрлық даму министрілігі бүгінгі эфирде Бағдат Мусин келінінде арнайы түрде мәлімдеме жасап, “біздің цифрлық егеменділігіміз орнында. Ешкім ешкімге ешқандай ақпаратты бергені жатқан жоқ. Мәселен, сіз IC Бухгалтерия секімі бағдарламаны қолданаңыз, оны қолданған сәттегі өзіңіздің қаржылық мәліметіңіз өзінше болады ғой? Бұл да дәл сондай” деп жауап берді. Біліні айту керек, бұл жолы министр дұрыс сөйледі. Иә, бұл қандай елдің қандай цифрлық өнімін қолданамақ та оның ішінде

басқаратын өз мәліметіңіз өзінде болады. Ешкім қотарып алмайды. “Ал серверге Sber-дің мамандары кіре алмайды. Тіпті кіре қалған жағдайда мемлекеттік техникалық сервис (ҰҚК) мамандарының қатаң бақылауында болады” деді. Осы жерде эмоцияның барлығын жылып қойып, “Біз ақпараттық қауіпсіздіктен айрылатын болдық қой?” деген әңгімеге таза ақпараттық қауіпсіздік турғысынан жауап берсек. Ақпараттық қауіпсіздік яғни information security дегеніміздің толыққанды сақталуы үшін алтын ереже бар. Ол – confidentiality (құпиялық), integrity (туғастық) және availability (қол жетімділік) [CIA] деген үштік одақтаны аман болуы.

Әгерік осылардың біріне нұқсан келсе, онда ақпараттық қауіпсіздікке сызат түсті дегенді білдіреді. Ал енді осы Sber-дің технологиясын қолданғаннан әлгі CIA арқылы біздің ақпараттық қауіпсіздікке келетін қандай зиян бар? Бағдат Мусин министр ретінде құпиялық жағына да, туғастық жағына да және қол жетімділік турғысынан да еш нұқсан жоқтығын және мүмкін еместігін айтты. Адам сөзіне сену сенбеу әркімнің өз шаруасы, бірақ аргумент ретінде өз басым қабылдадым.

ШУ ҚАЙДАН ШЫҚТЫ ЖӘНЕ НЕГЕ ШЫҚТЫ?

Бұл жауап алғаш Атамекен ұлттық кәсіпкерлер палатасындағы IT комитет төрағасы Болат Басеев мырза дабыл қаққан болатын. Кейін бір топ қазақстандық IT мамандармен көрші елдің технологияларына көз жеткізіп қайтты. Біздің елдегі өзге де IT компаниялардың басшылары және Қазақстандық IT компаниялар қауымдастығы тарапынан ҚР Президенті Қ.Тоқаев мырзаға ашық хат жолдады.

Тезістеп айтсақ, мемлекеттің цифрлық егемендігін өзге елдің қолына бермеуді және EGov-ты трансформациялауды шетелдік компанияларға тапсырмауды сұраған. Сөйтіп 8 пункттен тұратын өз уәждерін тізіп берді: 1. ЕҰҰ рейтингі бойынша біздің елдің электронды үкіметі 29-орында, ал Ресей 36-шы орында. Біздің егөв әлемдегі ең үздік электронды үкіметтің 15%-ыне жатады. 2. Sber Govtech “ГосТех” платформасына көшу арқылы біз сонша жыл атқарған цифрлық интеграциялардың барлығынан айырылып, 2006 жылғы кейімімізге қайта келуіміз мүмкін деді.

Бұл екі сұраққа да Бағдат Мусиннің жауабы: “Иә, солай. Бірақ біз мақтанайық-мақтанбайық eGov ескірді және 400-дің үстіндегі ақпараттық жүйені асыраудан бюджет шаршады” деді. 3. Sber Govtech ұсынысын қарайтын болсақ, оның ішінде қағаздан цифрға өтуге көмектестің реинжиниринг жөнінде ештеңе жоқ. Ал реинжинирингсіз цифровизация жасау бос сөз.

Бұған тікелей жауап ести қоймадым, бірақ Б.Мусин мен

Министрдің жауабы: “Иә, солай. Бірақ біз мақтанайық-мақтанбайық eGov ескірді және 400-дің үстіндегі ақпараттық жүйені асыраудан бюджет шаршады” деді.

Бұған министрдің осыған дейінгі жазбалары мен видеоларына және бұғінгі эфирдегі сөздерінен белгілі болғаны: “Жасайтын болсаңыздар қайда қалдыңыздар?” болып шыққан сияқты. Ал ҚР Цифрлық даму вице-министрі Ақшын Мұсағалиев бұған Инфобюроға берген сұхбатында: “Еліміздің IT мамандары бұл істі 3-тен 5 жылға дейінгі мерзімде істейді. Бұл қазіргі жағдайда тым баяу, бірақ платформа қазір керек” деген мағынада жауап берді.

оның ведомствосы таратып жатқан барлық ақпаратта “реинжиниринг” болады деп жатыр. Сену-сенбеу әркімнің шаруасы.

4. Заннамалар мен нормативтік актілер сияқты елдің ішіндегі құжаттар ақпараттық жүйені үнемі жанартып отыруды талап етеді. Ал Sber платформасын сатып алуға \$300 млн АҚШ теңгесі және халықаралық тәжірибе бойынша есептесек, жыл сайынғы ұстап тұруы үшін \$60 млн АҚШ теңгесі жұмсалады.

5. Sber ұсынған платформа Open Source және тегін технологиялар негізінде жасалған. Ал ондай технологияларды қазіргі егөвж жасаушы қазақстандық IT компаниялар онысыз да қолданып жүр. Сөйкесінше, бағаның сонша қымбаттығы алаңдатпайды.

Бұл екі сұраққа Б.Мусиннің жауабы: “Ол ақша онысыз да кетіп жатыр. Уақыт та кетіп жатыр. Тіпті одан артық болмаса, кем емес. Сондай-ақ жағдай жыл сайын күрделеніп отыра берсе, 400-дің үстіндегі жүйе елді қалуға айналды” деген мағынада шықты.

6. Sber платформасын тандасақ, еліміздегі 15 000 астам отандық бағдарламашы жұмыссыз қалуы ықтимал. Сондай-ақ, шетелге кетіп қалуы мүмкін. Бұл қаржылық та, адами капитал жағынан шығынға әкеледі.

ҚР Цифрлық даму министрі Бағдат Мусин бұған: “Келіспеймін. Себебі, біз мемлекет бірінгі жасайтын платформалық модель AppStore немесе Play Market сияқты болады. Ол жерде қандай да бір мемлекеттік структураның қыр-сырын білетін адам өз іялыстарың қызығу-процестер негізінде КЕЗ-КЕЛГЕН ЕІТ маман, КЕЗ-КЕЛГЕН бағдарламашы өз модулін жасап ұсына алады. Керісінше, біз тек алпауыт IT компанияларға ғана емес, өзі ғана жүрген әрбір IT студентке дейін мүмкіндік ашып жатырмыз” деді.

7. Ақпараттық қауіпсіздік. Шетелдік IT архитекторлар мен бағдарламашылар және олардың өнімін аяқтай біздің елдің EGov-ын дамытуда тәуелділікке әкеліп қоймай, сонымен бірге мәліметтер қорына шетелдіктердің қолы жететін болады. Қандай да бір киікпілдің тұнбасына, олар жүйені өшіріп тастай алады.

Цифрлық министр бұған алаңдатмауды және мәліметтер қорына ешкімнің қолы жетпейтінін, физикалық тұрғыда оған ешкім кірмейтінін, кірсе де ҰҚК қадағалауында болатынын айтты.

8. Біздің EGov-ты жетілдіру үшін отандық IT-мамандардың қасиеті білігі де, тәжірибесі де, толығымен жеткілікті. Шетелдік орындаушының әкелуі Yellow Pages қайдаларына бұзады. Sber технологиясына алудың өзі қажеті жоқ, себебі, мемлекетпен жеке әріптестік жасай отырып біздің IT-компаниялар осы уақытқа дейін ақпараттықдан өткен, уақыт пен ақша жағынан арзанға түсетін жүйе жасауға болады. Sber-ге беретін \$300 млн ақшаны бізге \$20 млннан 15 жыл бойы беріп отырсаңыздар, өзіміз де әлемдік деңгейдегі жүйе жасап шығар едік.

Бұған министрдің осыған дейінгі жазбалары мен видеоларына және бұғінгі эфирдегі сөздерінен белгілі болғаны: “Жасайтын болсаңыздар қайда қалдыңыздар?” болып шыққан сияқты. Ал ҚР Цифрлық даму вице-министрі Ақшын Мұсағалиев бұған Инфобюроға берген сұхбатында: “Еліміздің IT мамандары бұл істі 3-тен 5 жылға дейінгі мерзімде істейді. Бұл қазіргі жағдайда тым баяу, бірақ платформа қазір керек” деген мағынада жауап берді.

Тимур БЕКТҮРДЫН «facebook» парақшасынан

ДАУ ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?

ВАКЦИНА

Бүгінде “балаларға вакцина салынады” деген сөз қайдан шықты? Вакцина “Covid 19”-бен күресте жалғыз жол болу керек еді, бірақ ел ішінде өлі де көрі насихат жүргізушілер бар. Тіпті қорыққандары соншалық ақшамен мәселесін шешкендер де табылып жатыр. Енді вакцинаны балаларға да салады деп алдың ала байбалам салушылар да солар. Бұл жөнінде интернет арқылы өзге мемлекетте салынғаны жатқаны жар салуда. Жасыратыны жоқ, вакцина сізді де, баланыңды да қауіпті індеттен құтқаратын жалғыз жол. Дегенмен де бала 18 жасқа толамын дегенше ата-анасының келісімінсіз салғыза алмайтыны белгілі. Дегенмен бүкіл қазақстанды шарлап көткен Жалағаш аудандық білім бөлімінің хаты үлкен резонанс туғызды. Ата-аналар наразылық білдіріп, соңы дауға ұласты. Мұнда 12 жастан асқан балаларға коронавирус инфекциясына қарсы вакцина салуды жұмыстары жоспарланған деп жазылған. Осыған орай білім бөлімі балалардың аты-жөні, туған жылы туралы мәліметті жинауды бұйырыпты. Мектеп директорларына жолданған хатта “аса шұғыл” деп көрсетілген. Әлеуметтік желіде өлі де тапқылаудан түспей тұрған мәселеге байланысты Өңірлік коммуникациялар орталығында брифинг өткізілді. Оған облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова мен облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова қатысты.

«Заңға сәйкес, ҚР Үкіметінің 24.09.2020 ж. № 612 Қаулысына орай 18 жасқа дейінгі балаларға ата-аналардың келісімінсіз ешқандай елге жұмыстары жүргізілмейді. Өздеріңізге мәлім, елге жасар алдында әр ата-анаға келісім парағы беріледі. Арнайы келісімісіз балаға елге жасалмайды. Аталған жағдайға байланысты Білім және ғылым министрілігі, Білім басқармасы тарапынан балаларға елге жұмыстарын жүргізу туралы қандай да бір құжат қабылдаған емес», – деді облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова.

“5 күннен бері желіні дүрліктіріп, ата-аналарды алаңдатқан хаттан ҚР БҒМ хабарсыз болып шықты. Денсаулық министрі де тапсырма берген жоқтық дейді. Мұндай жарлықты Қызылорданың Жалағаш аудандық білім бөлімі қайдан тауып алғаны белгісіз? Осы орайда бұл хатты күші жойылды. Елді дүрліктіріп, оған рұқсат берген басшылар жазаға тартылады.

Ата-аналарға бала үшін алаңдауға еш негіз жоқ”, – деді Гүлмира Әбіқай инстаграм әлеуметтік парақшасында. – Қызылорда өңірі оқушыларына вакцина салу жайлы даудың басы Дайрабайдың көк сиыры емес, облыстық СЭС-тың мына бір жапырақ қағазынан басталған. Тықшама мазмұны: ... Мектеп оқушылары арасында 12 жастан асқан балаларды коронавирус инфекциясына қарсы елге жұмыстарын жүргізу жоспарлауына байланысты, әр мектеп бойынша балалардың тізімін (аты-жөні, туған жылы, күні, айы, сыныбы, мектеп нөмірі) жасақтауға тапсырамын. Мәліметті 24.09.2021 өткізу керек!”

Қызылорда облыстық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті, басқарма

басшысы қол қойған хат мәтіні осы. Тапсырма лезде Жалағаш, Шиелі, Қармақты аудандық білім бөлімдеріне таралады. Мен ресми сұрау салған қос министрлік @bilim_jane_duylut @healthcare.gov.kz баспасөз қатышына елге мемлекеттік тапсырма бермегенін, фэйк екенін жеткізді.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз хатшысы: СЭС жай ғана Пфайзер вакцинасы салынатын жағдайда балалар (контингент) санын білмек болған. Мұны білім бөлімдігерлер түсінбей ақпарат берген деді.

Сонда, өңірдің Жалағаш, Шиелі және Қармақты аудандарының білім басшында хатты түсінбей, елді алашапқан дүрліктіретін азаматтар отыр ма?

Жалпы, өңірлік СЭС пен білім басқармасы арасындағы хат қайдан шықты? Тапсырманы қайдан алды? Аса шұғыл деп маңыз қояуды мақсат не? Дәл қазіргідей қиын кезеңде балаларға вакцина салынады деп елді дүрліктіріп, ата-аналардың ұяймын арттырған басшылар қандай жазаға тартылады, – деді журналист Гүлмира Әбіқай.

Айта кету керек, аталмыш хатта – Ұлттық елге күнтізбесіне сәйкес егілетін вакциналар (БҰДЖ, қызылша, қызамыққа қарсы, АбҚДС+ХиБ+ИПВ) туралы мектептердегі ата-аналар комитеті өкілдеріне ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында мәлімет жинақтау үшін жіберілген.

Қазіргі таңда республика көлемінде 12-жастан асқан балаларға коронавирус инфекциясына қарсы вакцина салдыру мәселесі қарастырылуда. Дегенмен бұл түпкілікті шешілмеген және балаларға арналған вакцина біздің елге жеткізілген жоқ, – деді Әлия Мүтеліпқызы.

Мәлімді КЕНЖЕҒҰЛОВА

ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУДЫҢ ОЗАТТАРЫ



Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы мен Отбасы күні аясында «Мерейлі отбасы-2021» ұлттық байқауының жеңімпаздары марапатталды. Салтанатты шара эпидемиологиялық ахуалға байланысты Нұр-Сұлтан қаласынан тікелей қосылым арқылы өтті. Шарада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев тікелей қосылым арқылы үздік деп танылған 17 отбасыға Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау сөзін оқып берді. Аймақтық кезеңнің жеңімпаздары, республикалық кезеңнен де үздік деп танылған ұлағатты Әбілдішевтер отбасын облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова құттықтады. Мемлекет басшысының құрметімен, арнайы статустқа мен сыйлық сертификаттарын табыстады. Аймақ басшысы мерейлі отбасыға ұлттық құндылықтарды насихаттап, Отанның отбасынан басталатынын дәлелдегені үшін өзінің ризашылығын білдіріп, табыс тіледі.



“ШАҢЫРАҚ ШАТТЫҒЫ
Шазат пен Шырын
Әбілдішевтердің шаңырағы – «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының жеңімпаздары. Шазат асқақал ұзақ жылдар бойы аймақтың ауыл шаруашылығы саласына сүйелі үлес қосқан. Шазат асқақал мен Шырын әжей бірге алыс жылға жұқ құмыр кешкен. Осыдан бір ай бұрын отағасын аяқ сапарына аттандырған Шырын әжей бүгінде 10 баласынан 42 немере мен 12 шашын сүйі, бейнетін зейнетін көріп отыр. Үлкен ұлы Нұрған Әбілдішев – республикаға белгілі ғалым-агроном. Жылжыдай кекені өсірумен айналысады. 7 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Облыстан қатысқан 182 отбасының ішінде үздік деп танылған Әбілдішевтер отбасын құттықтап, Шырын әжейдің жағдайын сұрап, әңгімелестік.



Шырын ӘБІЛДІШЕВА, «Батыр Ана»:
«МАХАББАТ БАР, ОЛ ӨШПЕЙДІ»
– Шырын әже, марапаттарыңыз құтты болсын! **«Шырағат өткені бірге қалыптыңыз ба?»**
– Балалар ауданынан байқауға қатысуға ұсынғыс түсіп жатқанын айтты. Біз келістік. Бәрін балалар өздері дайындады. Шалымыз екеуіміз қалай болды екен деп ойладық. Біз жайлы видео түсіріп, құжаттарын жинады. Байқаудың облыстық іріктеу кезеңіне қатысқанда шалым қасымада еді. «Күаныш пен қайғы қатар жүретіні деген» рас екен. Ресубликалық сыйлық қорытындысын шыққанына түіе қарап кетті. Ажал айтып келмейді. Алланың ісіне амалсыз көндік. Бір айда соң жеңімпаз атанғанымызды біліп, Президенттің қомақты қаржылай сыйлығын алдық.
– **Әже, жастық шақты еске алсақ, Атаман қалай таныстыңыз?**
– Ол уақытта жастардың бастаңғысы көп болатын. Қыздар әдемі кейпелін киіп, шашын өріп, жіптерін бағырлар бөліктен бөлін бұйы, шаштарын майлап қайырып, басқосуға үнер дайындықпен келетін. Ауыл өсірлері өнерін ортаға салып, ән тындап, жүйі айтып жарыспыз, өзіндегіп, бастағы көңілді өтетін. Сондай кештердің бірінде таныстық. Шығарып салуға рұқсат сұрады. Үйге дейін жеткізіп салды. Солай танысып, дос болдық. Ол кезде қызды қолдан ұзату аз еді. Өне-өшеуім мені қолдан ұзатты. Жасуымды дайындап, салтқа сай батасын беріп шығарып салды. Осылай

шығып, жаман ойлар ойласа, әрекеті де құтырылғандай. Шаңырақта әйелдің даусы қатты шықса, ері де сабырлы болады, бала да тәрбиелі болып өседі.
– **«Арада махаббат қуып кетті» деп көп жастар аяқарып жатыр. Махаббат бар ма әже? Оның сүйіп кетуі мүмкін бе?**
– Махаббат бар. Ол өшпейді. Махаббаттары неге сұиды? Сүйіп тау үшін ол сенімсіздіктен, өтіріктен лайлануы керек. Қыл-қылбыр түспесе, ризыс көңілмен шынайы махаббатты мүлкі сақтап қалуға болады. Шалым үш-төрт күн бір жерге кетсе, өбден сағынып күйіп отырамын. Шалым үш жыл оқығанда өбден сағындым. Бір демалысына асыға күтетімін. Жасымыз жетпекке келгенше, шешем дайындаған бір жастықта, бір төсекте жаттық. Кейін соғыс он жылда немерелер өскен соң екеуіміз екі қақпа бөлінді. Ол ұлдарымен мен жазарымнан немерелеріміз құшақтап жататынбыз.
– **«Бала туу үшін мөлмекек жәрдем етсеңдер бітін» дегеніңізді есіңіздер баланы жеткізе алмай қаламыз ба деген қорқыныс болмады ма?**
– Қазір келіңдер бақытты. Бала тапса үкіметтен жәрдеміңіз береді. Президентіңаңдан дұмдақтың шығарып алды. Үйіне барса да бәрі астамат техникалар. Тұрмыстық жағдайы жақсы. Баласы бір жақса толғаша алатын

жәрдемақысы бар. Ерінің табысынан бөлек пысық келіндер өздері қасікер қазір. Оны-мұны пісіріп сағатады, алып сағатады, әйтеуір телефоннан қолдары түспейді, бәрі іскер. Біздің заманымыз да, тұрмысымыз да басқа еді. Он баланың тамағы, киімі – бәрін бірге ойлап жүретіңіз. «Қанатыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай» жеткізу үшін екеуіміз де күн-түн демей еңбек еттік. Қара бейнеттен шыршап, қарайып, үйге әзер жеткенде, балалар бізге қарай жүретін. Құшағыма басып, шүкір етіп, шаршағанымды ұмытып кететімін.
– **Бала тәрбиесіне кім көбірек көңіл бөлді?**
– Балаларға екеуілеп қарадық. Бір балам бір ай ауырды. Түнімен ұйықтамайды. Шалымыз екеуіміз кезек-кезек қарадық. Ол екі сағат мен екі сағат көтеретінбіз. Түн жарымда осылай кезектесіп, көз іліп алатынбыз. Кемпірдің емшегі еметін еркетпей еді. Кемпір қайтыс болғанда абыр сабырмен біз балаға қарамаптық. Ол өкпенің майітіне кіріп кетіп, қолы шешіп, емшегі өмітті. Содан шошып қалған-ау бір ай ауырды. Молда тұмар оқып берді, соны тамақан соң айығып кетті. Балаларымыздың біреуін қатты сөйлеп, ұран еміспін. Тіпті «жүгеріме» деп айтамынмын. Анам «балаға қатты сөйлемсе, жүгеріме», «иттің баласы», «иттің асырағаны»

деп тіл тигізей, деп жиі айтатын. Өр бала – Алланың аманаты. Екеуіміз де балаларға қатты сөйлеп еміспіз. Еркелетіп, мейірімге бөледік. Бір ай ауырған балам басқа балаларға қарағанда ең алыр болып өсті.
– **Өмірде аттен-ай дейтін сәттеріңіз бар ма?**
– Алпаға шүкір, аттен-ай деп өкініктен сөзім жоқ. Шиметей бала-шаға, пұлымыз азыайп, тамағымыз таусылатын күндер болды. Екеуілеп көререк қылатынбыз. Ешкімінен көмек сұрамадық. Ешқандай мекеменің алдына бармадық. Балалар жас. Екеуіміз де екі жаққа жұмысқа кетеміз. Үйде өздерімен-өздері қаламын. Жұмысқа жанымады шүберекке түйіп барып, түйіп келетімін. Алпаға шүкір, келесі, аман-есен отыратын. Үлкені кішісіне қарайлап, дайындап кеткен тамақты ішіп, бірге ойнап, сабақтарын оқуың. Тіпті кейде, келесі бәрі ұяқтықп жататын. Балалар осылай өсті. Өлген өскен сон бәрін ұмытып кеттік. Қазір шүкір, жағдайымыз тамаша! Өткен шақта еш қиындық көрмегендей болып отырмыз.

– **«Бала – ата-ананың айнасы» дейді, сіздер ата-аналарыңыздан қандай үлгі алдыңыздар?**
– Көнеміз адамдарында қасиет бар еді ғой. Ауыздары дуалы, істері берекелі болатын. Оз ата-анам да, ата-енем де бізге сүйелі болды. Еңбекорлығымен, ешкімді табаламай, жақсыға құмар қасиеттерімен үлгі болды. «Ешкімнің ала жойн аттамандар» деп өзіміз. «Жақсылық та, жамандыққа көшеді» дейді ғой. «Жақсы сөзге жан семіре» деген. Ала қолдап, тек бәрі жақсы болады деп армандайтынбыз. Армандарымыз орындалды. Ата-аналарымыздың қиыншылығына астына алып, дүре соғып, ешбір баламызға қаталдық танытқанын көрмедік. Содан да болар, біз де балаларымызды мейірімге бөледік.
– **Бүгінгі шақ бұныға ақ бақтыңыздар берсеңіз?**
– Биссимилла рахмиға рахим! Өзүмі десең, міне бата! Қыдырың Қыдыр ата, Қыдырың қыяласың. Перітте ұрпағың. Үлгерің жанға толсын. Сыртқа малға толсын! Дастархан беркелі болсын, Отбасы мерекелі болсын. Топырақ тойға ұласың. Жастары біздің бақытымызды берсін!

«БАЛАНЫҢ БӘРІ БАҚЫТТЫ БОЛУҢҰШІН ЖАРАЛҒАН»



Ақзира ҚАСЫМОВА, Облыстық білім басқармасының басшысы:
Отбасы – ұлы құндылық. Иі тәрбие мен терең тәлім отбасындағы енегелі қаданнан бастау алады. Ұлы мұрат жолына қол соған балаларымыздың азамат ретіндегі ұстанымын, адалдығын пен парасаттылығын сынды ігі қасиеттерімен тәрбиеленуі әр шаңырақтың шыршайын ашады. Отбасы – жылтыр ошағы. «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылының балаларымен бірге қызықты сәттер өткіздік. Балаларды құшағына басып, жылтыр сөйлеп, мейірім мен ыстық ықыласы сездіруі болыма күш-қайрат берді. Балаларымыз аман болсын! Өр отбасында берекен мен бірлік ордасын!
Ал «Ақжайық» отбасының аясы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру

басқармасының басшысы Гәуһар Қалмақова, әжесі Облыстық «Азат Отап» ЖҚ тереңгасы Мәдет Жорабек болды. Өздерін «Байқоңыр» отбасы деп таныстырған балақайларға облыс әкімі жанындағы әйелдер істері жетілеу отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы Қаламқас Қаримова ана болды. Ал әжелік қамқорлықты облыстық «волонтерлер фронт-офиcінің» жетекшісі Болатбек Айтбебетов көрсетті. Облыстық филармония директорының орынбасары Әзіза Іздіқұлова мен Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары Жасұлан Есенбетов «Сарыарқа» деп аталатын отбасының балаларына мейірімін текті.
«Оқжетпес» отбасының аясы «Бітім – медиация» орталығының жетекшісі Ләззат Батыбаева болса, әже ретінде өзінше Құттыбай Сағындықов келді. Өз

отбасыларына «Шоқыр» деп ат қойған алғаш балалардың аясы С.Лапин атындағы №261 орта мектептің директоры Қарлығаш Әбдірахманова, «Ел-Арай» қоғамдық қорының жетекшісі Асхат Байғұлаулетов әжесі ретінде жылтырлық сыйлады. Облыстық «Жастар ресурстық орталығы» мекемесі директорының орынбасары Гүлнәз Айдарбекова мен қоғам әлеміндегі, «Ашық жүрек» қоғамдық қорының жетекшісі Сағатбек Қуанышбайұлы «Жетісу» отбасының ата-анасы болды.
Қарлығаш АБДРАХМАНОВА, С.Лапин атындағы №261 орта мектептің директоры:
– Бұл саяхатқа қатысуға ұсынғыс түскенде бас тартуға дөтім жетпейді. Кәңіл пернеңді балалар үйі деген сөз басып тұрғанда менде жан қалсын

Бұл облыстық «Жастар ресурстық орталығы» мекемесі мен «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылының бірлескен жобасының басты ұраны. «Отбасы күні» мерекесі аясында «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылының тұрғындарына отбасылық жылуды сезіндіру, мерекені күні балалармен бірге болу мақсатында жобаға қоғамның танымал өкілдері шақырылған. Аз уақытқа болса да олар балаларға ата-ана болып, балаларды мейірімділікпен, Бір аптаға созылған отбасылық байқау мәресіне жетті. Шараны облыстық «Qyzylorda» телеарнасы таспаға түсірді.



отбасы үлгісіндегі балалар ауылына бардым. Содан бері де бір апта уақыт өттіміз ғой. Жылда күтіп қайттым, бірде жылда қайттым... Ауыр... Бүкіл мәселені адыра қалғандай едім бұлардың қасында. Бейкүнә көздерден сұм-сұрқия пенделер елестеп безіп кеткің келеді-ақ. Қайда қашардың білмейсің... Біз сендердің мамаларың, пәлаларың болмағыз дегенді айтып жүретіміз орныға түсті... Алғаш келуімі ғой. Ауланың тазалығы, үйлердің жағдайы,

сөздеріңдегі кітаптарға дейін паракет өтті. Балалар үшін балалар жағдайдың жасағанын сезесің. Оны сезінбеу мүмкін емес. Балалардың қуанышын айтысыңшы. Екі жылдан бері қарантқан, сыртан адам келмеген. Мәре-сәре болдық. Қатысушылар «Үздік отбасылық тағам», «Үздік отбасылық өнер», «Отбасылық астафеталық сыйыс» турілерінен сығна түсті. Сыйыс өтетін негізгі күні арнайы комиссия құрылып, қоғамның танымал өкілдері әкелік, аналық міндет атқарушы әр отбасына қонақ әрі сарапшы ретінде соғып ұсынылған ас мәзіріндең дәм татып, отбасылық өнерін тамашалады. Қазылар құрамында облыстық әйелдер көнесінің төрағасы Райкүл Байназарова, аяқан, Қазақстанның өнер қайраткері Серік Ідырұлы, облыстық мемлекеттік депутаты, облыстық қоспадақтар орталығының төрағасы Мәліка Әбдіқалиева және Қорықт Ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбітқұл Каримова болды.
Сайыстың үшінші кезеңі балалар ауылының аясында өтті. Спорттық астафеталық сыйысқа барлық отбасы түгел қатысты. Нәтижесінде барлық отбасы түрлі ата-аналық бойынша марапатталды. Бағалы сыйлықтар табыстады. Бір жеті болса да балалар шаттыққа кенелді, отбасылық өмірдің қандай болатынын сезді. Жобаңың да көздеген мақсаты осы еді.

Гүлбану МАҚАЖАН

Ержан ҚОЖАС

Ауыл әңгімелері

ЫСЫРАПСЫЗ БЕЙНЕТ

(Біздің ауылға күзгі саяхат)



Сары ана қауын тіліп отыр. Кәдімгі ерте пісетін Сырдың қазық қауыны. Ара-тұра шытырлақ та кезегі. Оны мына жоғары жақтағылар өміре дейді-міс. Біз соны жер алдында пышық тисе "шытыр" ете қалатын мінезіне солай атау бергенбіз.

Тілудің де мәнісі бар. Ұзын қауынды дәл ортасынан бөледі. Ішіндегі тұқымын алып, бөлек ұзынша айналдыра кеседі. Қак дейді бұны. Ее, сіздер қактың дәмін білмейсіздер ғой?! Сол қакпен біздің жақтың көмірлері үнді шайын сораптай отырып, көп тіршілікте сөз етер еді.

Әдемілей тілінген қауын қағы кеселей қойылған бақанға қатарласа тілінген. Ол енді келкенше тұрады. Арадан басқасы оған бармаймыз. Арапар құжынап сөлін сорып жүргені. Алам сонда да жолатпайды. Әбден келкенде езі-ақ сөлірейіп қалар еді. Ал оны апаның өргені тіптен қызық. Кәдімгі қыздың бұрымынан сал жуандау, одан да өзгешелеу көрінеді.

Сары ана қақ тілсе де жанында қазан алдында мен отырамын. Майда жыңғыл мен қыстай қордан шығар бауланған сыпырықпен алғысын тұндырайды.

— Отты үзбе, ақудай, Ежөкжан! Иә, қазан ішінде қауын қайнап жатады. Жәмбілше, әңгелек, қазаққа қауын, торлама. Тіпті, сол күні қарға шоқынған қауынды да анам салып жіберген. Қарға



Әнебір балық жайлы әпсана бар еді. Қосжардағы Қылышбек көкем мен Әбілқасым ағам кезектесе отырып айтып берген. Олардың да көз ашқалы көргені көл мен өзен. Балық туралы бағаның әңгімесін солар айтпағанда, әрі қалай айтанды десенші...

— Енді диалогқа қараныз. Әңгімені ұшығын шығаратын бағы өзім ғой. — Осы ең төзімді, құрғатқа бұзып-майтын қай балық? — Кәріп қой. Дұрысы, сазан дейкіші. Одан кейінгісі — жыланбалық, Пәтшарға са болмаса да, батпаққа басын тығып жата береді, — деді Қылыш аға қулық. — Сазанды естігенім. Ресейдің ақ патшасына қалай тірі апарғаны гажап енді. — Сол ғой. Бұл сазан жұртықтың қабыршағы мен желбезегі құрғамаса

тұмсығы кірші ете қадалған жерді ойып ала салса болғаны. Қалғаны таза. — Ештеңе етпейді, қарғаның да несібесі бар. Бізге жетеді. Ағанды шақыр, мына қабықты майдалап тұрасын, — дейді анам тапсырмасын нықтап. — Кіші ағам Бақытбек мұндайда алдымен қой-ешкінің несібесін тұрап берер еді.

БОСБЕЛБЕУ ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?!

Бар даудың басы былай басталған. Ауылда едім ғой. Туыс әрі ең жақын ағаммен әңгімелесіп отырмыз.

— Қанда? — Былтыр үш мың еді, биыл бес мың бермесен бақпайды. — Сонда ар айда бір келетін қой кезекке ақша беріп бақырғандар ма?! — Енді қайтпекпіз?! Мен сыртта жұмыста, жеңшең де мектепте. — Анау соқталдай екеуі ше? — дедім арасы бір-екі жас қос ұлын көзбен көрсетіп. — Ойбай, ең дәлде бірденеңе ұшырап қалар. Жеңең де уайымшылы, Ит-құс әурелеп... Шырғ еттім өзәне. Бірі жеті, бірі бесіншіні бітірген екі баласын сонша өбектегені қай сақсаны бұны?! — Ей, екеуің кел бері, — дедім. Шыны керек, "боқтықпен" басып жібергенімді байқамай қалдым. Ағам үндемейді. Үлкен ұл ауылдағы мендей ересек ағаларынан мұндай "бауырмал" сөзді жиі естітін көрініп тұр. Ыржыңдай келіп, қасамса сылқ етіп отыра қалды. Кішісі қаймағы қарайды. Жақындамай жүр бері. — Неге айына бір келетін қой кезекті өздерің бақпайсындар? — дедім даусымды жұмсартып. — Бағар едік. Ежөк аға. Бірақ... Көзіңнің астымен өкесіне қарады. — Иә, неге?

— Мамам бақырбайды. Күліп жібердім. Бар бәле жеңемде екен. Шешесі баланы жау апатындай қапылтса, нәти жуаз ағам одан қалсын?! Қой кезектің қызығын бүгін көрмеген екі туыс ініме не дерімді білмей отырып қалдым. — Ағаммен тұрып, қалта телефонын іздей бастады. — Қой, мен әліңде айтқан ауылдағы екі-үш жігіт бар еді. Соларға хабарласайын. Ақшасына кім бақпайды?! Ағам осылай дей берген. Үлкен ұл сөйледі. — Папа, өзіміз-ақ бағамыз. Мына тұрған Шал көпір пен Қара арыққа жаяды екен. Кластағы ұлдар да қой бағып жүр ғой. — Айырылып қалмайсың ба?! Өкесінің сенімсіз сөзіне ұлы да қарсы жауабы дайын екен. — Жоға. Қойды қалай бағатынын кластағы достарымнан сұрап алғанмын. Қызық деп айтты. Қармақ ала барсаң тіпті... — Үлкен сөзіне ағам да риза болып қалды. — Ойбай-ау, бұларды мен әлі бала көріп жүрсем... Сол күні көше екі ұл бар ынтықсын қой кезекке дайындалды.

Шер суын құйып, жұмыртқа мен картошканы қазанға қайната астырып алды. Оны да қой кезекке шығып үлгерген достарынан естіген. Қунақар келкісің, жеңі ұзын қойлегің де кию керек екенін бір-біріне ескертті. Аяғына былтырғы спорттық аяқшымды де ұмытпады.

Айтпақшы, жеңем біраз тулаған. Құдай біледі, мені іштей қарғап үлгерген шығар. Бірақ, алғанынан қайтпайтын қайысының мінезін жас күнінен жаттап өскенді, ештеңе айтпайды. Есесіне тұн баласы ағамның миын жегені анық. Таңертең қос ұл екі жүзе жетпек ұсақ жандықты айдап бара жатты. Жыт-жылы көрініс еді. Ал кешке ше?! Бүкіл қойды түп-түгел алдына салған қос ініме қой күтіп алушылар алғыс жаудырыпты. Өздерін үлкен кісіне сезінгені көрініп тұр. Кіші ұл тіпті бар шаруаны әзі бітіргендей әкешесіне мақтанышын текті-ау. Тек ағамның маған айтпай, жеңейдің тапсырмасымен екеуін сыртынан шолып қайтқаны болмаса, бәрі дұрыс еді.

— Әй, көкем сол, — дедім екеуінің арқасын қағып. — Сендер азамат болды дегенді қараншы. Айтпақшы, туыстардың үйінде болатын тойларда қолға су құйып үйіреніп жүрсіндер ме? — Өлдеқашан ғой. Ежөк аға, үйренгеніміз. Кіші ұл тағы мақтанышпен жауап берді. — Мағалдеңге көкем. Ендігі келгенде қой соғуды үйретемін... Біздің ағаммен әңгімелесіп, Бек-Әбілқасым риза кейіптен қарайды. Әсіресе, жеңемде кешегі қарқын жоқ. Мәз-мірмам. — Қайным, тағы бір шай дайындап жіберейшің. — Мейлі, бірақ, сендерден өтініш, баланы бұлай үйде ұстамай-ақ қойсаңдаршы. Бос, қолыңнан дым келмес болады ғой. Екеуі де үндемеді. Екеуінің де келіскен кездерінен көріген. P.S. Соңғы жылдары жиі байқаймын. Ауыл арасында да бір-бірне қолғабыс беру, бала жұмсау азайған. Есесіне тиім еркелету көп. Сененіз, ауылға мектепке барар ұл мен қыз қалтасына екі жүз теңге салмасаң, асаудай тұлалды. Сондағысы асханадан тәтті-мәтті не қытырлақ нан (керішкі) алу. Ағайын арасына сңдіріп, шежіре мен тарих ұғатындырып, бала да ауылдағы жер-су атын жасынан жаттаса деген тілек қой біздікі.

ТАЙ ЖЕГЕН БӨРДЕЙ ТАЛПАҢДАТҚАНДА ТАБАРЫМЫЗ ЖОҚ!

ЖҮНДЕП КЕТКЕН ЖАЙЫН

болды, тірі жата береді емес пе?! — Рас екен-ау, — дедім мен. — Патшаға біздің аралдық балықшылар кәдімгі мөңкені сулы киізге орап апарған дегенді оқып едім. Мөңкенің сазан тұқымдас қой. Атарбамен айшылық жүретін жерге тірі балықты қалай жеткізді десем, сулы киіз сәл дегділсе, үстіне су құя берген көрінеді. Меккеге дейін киізді кептірмеген болып тұр ғой сонда. — Иә, әліңде айтқанды, сыртқы қабыршағы мен желбезегіне су тисе болды, тірі күйінде жатады. — Онда патшаның алдына құй-рығымен жер сабалая, шоршып түсті десенші, — дедім мен де мәз бола. — Балықтың қасиетін енді ұғып келеміз ғой. Әйтпесе, адам денсаулығына керекті көп мөлшердегі дәрумендер осы балықта, — деп сөйлеген Қылышбек сәл ойлана, әңгімесін қайта жалғастырды. — Саған бір әңгіме айтып берейін. Мүмкін, оны газетіңе жазарсың, жұбарсың. Бірақ жүрген жерде айта жүрсен болады. Менің де шалдардан естігенім ғой. — Айттыңыз, маған да керекі сол, — дедім елендей... «...Бір пенде Құдайға қатты ренжікті» деп басталады бұл әпсананың басы. Неге ренжігенін кім білсін, әлде өмірінде кездескен қиындыққа төзбеді ме, әйтеуір қатты ашуланғаны сонша, «Құдайды атама» деп кікініпті. Иә, қатты кектенгені сонша, атар оғын күні бүрғын дайындап, садағын

әбден сайлайды ғой әлгі антұрған. Қош, сонымен әлгі Жаратушыға кекті пенденің бәлім ертеңгісін, бәлім түсте, мейлі кеш дейкіші, садағың көкке қарай кезеңіпті ғой. «Әй, мен білсем, Құдайың осы тұста болар» деп оғын көздеп, садағын тартып жібергенге ұқсайды. — Енді қызығы қараңыз. Құдай да бұның жездігін түсініпті. Түк те ашуланбапты. Керісінше, «байғұс, пендем-ай, сені қалай жарылқасам екен» деп кәдімгідей мейірімді түсіпті. Сөйтпті-дағы да әлгі ренжіген пендесінің атқан оғын кері қайтарған ғой. Бос қайтармаған, садақ оғының басына бір балықты іліп жіберіпті дейді. Аңыздың келесі бөлігінде жаңағы кешіп мергеннің жағдайы белгісіз. Бізге белгілісі балықтың жайы ғана. Садақ оғының басында кеткен балық кейіннен ана дүниеге барып өкпесін жеткізеді ғой. — Ұа, Жаратушымы, — деп жылтамсырапты балық сонда. — Өлгі белішара сені тілден дымның қалдырмағанда, оны жазықты ете берің орнына, мені оққа қиғаның қалай?! — Оның рас, — депті. — Бірақ ендігі жерде сенің де басына бір артықшылықты берейін. Мен әу баста адамзатқа неңің арам, неңің адал екенін белгіледім. Оның ішінде өзіңе тиесілі аң-құс, жан-жануардың бауыз-далмаса, еті арам болатынын айттым. Ендігі жерде сенің етің адал. Тіпті, судан шығып, өлген күйі де адамзат пайдасына жарай бересің. Ендігі орның пейіште болады...


Міне, қызық! Малды бауыздап, адалдайтын, арам өлгеніне жұмайтын қазақтың ауға оралып, су бетіне әлдеқашан шыққан балықты өлсе де жей беретіні осыдан шығар. Біз есіткен балық жайлы аңыз-әпсананың бірі осы еді, оқырманым. Айтпақшы, мына фото біздің елде түсірілген. Дәріс бойы ғой. Аңыз жігіт Жәкбай көкемің ұлдан үлкені Берекет. Жеңеңде ұл көп. Қыз да көп. Құралы Жұқшаовамен бір класта оқығанмын. Парталасым да болды. Бір жылдай-ау. Әлде одан аз ба екен?! Одан әрі ұзамаған. Менің адам тегісіз "жыбырыма" тәзбей, артық орындыққа қоныс аударғаны есімде. Иә, Бағдаш апа баланы-шағалы жан. Жөкеңнің Құдай қосқан қосағын айтам да. Бұған Жәкбай көкемің үлесі жоқ еді алмайсыз. Не айтты отыр едік өзге? Фотодағы балық еді ғой айтпағанымыз. Берекет қара жұмысқа піскен жігіт. Көлік те жөндейді, шеп те жабады. Жасынан бейнелі көрген. Қаған қыста теңізде түрлеті. Сонда мұз ойып, маңдайын терлетеді. Жай терлемейді, ауға түскен тыран мен тістің қаптап сатады. Солай үйіне несібесін тасиды. Ризамын бұл інішекке. Солай. Жаңақұрылыстың жігіттері кейде жүндеп кеткен жайында да жей береді. Айтпақшы, мына "пензионер" балықты ұстадың деп Берекетті ешкім көрмеді. Оз де қалжырап жүрген жайың көрінеді...

АЛЫПТАР АЙҚАСЫ

Қыркүйек айының соңғы аптасында әлемнің әр қиырында аралас жекпе-жектен ірі халықаралық турнирлер өтеді. Сол жарыстардың кейбірін қазақстандық жанкүйерлер тағатсыздана күтуде. Себебі айтулы бәсекелерде біздің елдің өркенді де өнер көрсетеді. Октагонға шығатындар арасында Қуат Хамитов пен Асылжан Бақытжанұлы, Нұрсұлтан Қасымханов, Қаршыға Дәуітбек және тағы басқалар бар.



24 қыркүйекте Мәскеуде ACA 129 турнирі өтеді. Сол жарыста Қазақстанның үш бірдей өрені өнер көрсетеді. Үшеуі де Алматыда іргетасы қаланған Даниір Қасқарауов жетекшілік ететін «Алаш Прайд» клубының мүшесі. Тарақтып айтсақ, 93 кило салмақта ACA рейтингінде төртінші орында тұрған Асылжан Бақытжанұлы «Сақ» бразилиялық Леонардо Сильвамен айқасады. Жалпы ауыр салмақта сыңға түсіп жүрген қазақстандық спортшылар тым сирек. Сол себепті барша Алаш жұрты Асылжанға зор үміт артып отыр. Осы күнге дейін октагонға 12 мәрте шыққан 31 жастағы қазақтың қайсар ұлы 11 бәсекені өз пайдасына шешті. Тоғыз қарсыласын есінен тандырды. Соңғы рет ол осыдан тура бір жыл бұрын Ресейдің астанасында атақты Алексей Бугориннен ұтылған еді. Енді қайта еңсе тіктеу қажет. Бақытжанұлының бұл жолғы қарсыласы да мықты. Сегіз жылдан аса осы спорт түрін серік еткен 29 жастағы Оңтүстік Американың өкілі 22 кездесу өткізіп, 17 рет жеңіске жеткен.



Мәскеудегі турнирде көптеген жанкүйердің назары 66 кило салмақтағы қазақтың ұлы Нұрсұлтан Қасымханов пен хабаровсклік Алексей Поплуников арасындағы айқасқа ауатыны сөзсіз. Себебі дәл осы спорттың көзінде біздің Арман Оспановпен үш мәрте кездесіп, екі рет сен соқтырып кетті. Сонау 2013 жылы Сочида Арман оны бір минутқа жеткізбей ұрып жықса, 2017 және 2019 жылдары Мәскеуде ұйымдастырылған бәсекелерде Поплуников кеткен ессізін қайтарды. Яғни, 28 жастағы Ресей спортшысының өте мықты екеніне еш күмән жоқ. 10 жылдан аса уақыт аралығында айқас алаңына 38 мәрте шыққан ол 29 рет жеңіске жетті. 21 бәсекені мерзімінен бұрын аяқтады. Десек те 29 жастағы Нұрсұлтан да оңайлықпен есе жібере қоятындардың қатарынан емес. Оның рекорды – 11 жеңіс және 3 жеңіліс. Жетісу жолбарысының ең басты қасиеті – «өліспей, беріспейді».

ACA турнирінде жоғарыда есімі аталған қос өренімізден бөлек, Қаршыға Дәуітбек (9-3) бақ сынаиды. 66 кило салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп жүрген ол Тәжікстанның тарлаңы Фатхиддин Собировпен (15-4-1) сайысқа түседі. Дәл сол күні Ресейдің Сочи қаласында AMC Fight Nights турнирі өтіп, қазақтың қос қыраны өз өнерлерін ортаға салады. Солардың арасынан Қуат Хамитов пен Мариф Пираевтың арасындағы жекпе-жекті көрермендер тағатсыздана күтуде. «Найман» деген бүркеншік есіммен танылған жерлесіміз 28 жекпе-жегінің

жарысын өткізуді жоспарлап отыр. Қазақстанның тағы бір өкілі осы дүбірлі додаға күш сынасу құрметіне ие болды. Ол – Николай Веретенников. 31 жастағы Николай 12 жекпе-жегінің тек үшеуінде ұтылды. Соңғы сегіз кездесуінің барлығында оның мерейі үстем болды. Бірақ Веретенниковтің қарсыласы да мықты. 21 жастағы эквадорлық Майкл Моралес өзінің 11 бәсекесінің барлығында жеңіске жетіп, 10 қарсыласын есінен тандырған.

21-ін жеңіспен аяқтады. 17 бәсекеде айың басымдықта ие болды. Мариф Қуаттан бес жас кіші. Десек те «Пирания» атанған Дағыстанның тумасы күні бүгінге дейін 31 рет октагонға шығып үлгерді. 26 бәсекеде мерейі үстем болып, 11 қарсыласын нокаутқа жіберді. Кезінде Пираев Игорь Свирид пен Георгий Кичигин сынды қазақстандық спортшыларды сабап тастаған. Қара теңіз жағалауында Қуат Хамитовпен бірге Нұрбек Қабдрахманов та күш сынасады. Оның қарсыласы – краснодарлық Азамат Ачмиз.

26 қыркүйекте Дәурен Ермаковке (14-5) жанкүйер боламыз. Грузияның бас шаһары – Тбилисиде өтетін Eagle FC турнирінде ол жеңілістің керемет демін тапып көрмеген дағыстандық Нұсұлхан Умахановпен (7-0) шеберлік байқасады.

28 қыркүйекте АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында әлемдегі ең белгіді промоушен – UFC өзінің кезекті

Футболдан Қазақстан чемпионаты тур өткен сайын тартысқа толы өтуде. Алдыңғы үштік чемпиондыққа талас жүргізсе, «Тұран», «Қайсар», «Жетісу» сынды командалар премьер-лигада орнын сақтап қалу үшін алдына жан салмауда. 20 турда да сенсациялық сәттер орын алды.

ЧЕМПИОНАТТЫҢ ЧЕМПИОНЫ КІМ БОЛМАҚ?



Бұл турда қостанайлық клуб өзімізде жүріп, көш басына шықты. «Тобыл» Қазақстан Премьер-лигасының 20-туры аясында «Каспийді» жеңді. Ойын Қостанайдағы Орталық стадионда өтіп, 2:1 есебімен аяқталды. Кездесудің 15-минутында Сергей Малый бұрыштамадан асырылған пастан кейін есеп ашты. Ал 40-минутта Рамазан Кәрімов Роман Асранқұловтың ерекшел қателігінен кейін жауапты голды соқты. Бірақ 77-минутта Алеса Аманович жеңіс голын соқты. Бес минуттан кейін Рубен Бриджидо екінші ескерту қағазын алып, ойынды ерте аяқтады.

«Тобыл» 45 ұпаймен қайтадан турнирлік кестеде көш басына шықты. 24 ұпайы бар ақтаулық клуб сегізінші орынға табан тіреді.

Құрбан Бердыев Премьер-лигадағы дебюттік матчында сәтсіздікке ұшырады. «Ордабасы» алматылық «Қайратты» қабылдап, 2:1 есебімен жеңіске жетті. Кездесудің небәрі 10-минутында Абдуллай Диакте стандарттан асырылған пасты басыммен қақпаға дәл бағыттады. Ал 31-минутта Александр Клещенко Стас Покатиловты қапыда қалдырды. Бес минуттан кейін Айбол Әбікен тікелей қызыл қағаз алып, алаңнан қуылды. 72-минутта «Қайрат» шабуылшысы Хосе Канте пенальтиді сәтті орындағанымен, командасына ұпай сыйлай алмады.

Шымкенттік клуб бұл жеңістен кейін 30 ұпаймен бесінші орынға көтерілсе, Құрбан Бердыев шәкірттері 37 ұпаймен үшінші орында қалды. «Ақтөбе» мен «Тараз» үш ұпайды сарапқа салды. Дегенмен Ақтөбе қаласындағы Қобыланды батыр стадионында өткен матч 0:0 есебімен аяқталды. Алаң иелері бұл матчта 4 мәрте қарсылас қақпасын дәл кездесе, жамбылдық клуб 3 рет «Ақтөбе» қақпашысын мазалады. Одан бөлек, «Тараз» сапында Бауыржан Байтана,

Эривалдо және Мақсат Әмірханов ескерту қағазын алды.

Владимир Мұханов шәкірттері бұл ойыннан кейін 24 ұпаймен оншыңғы орынға жайғасты. Ал «Тараз» бір саты жоғары түр (24 ұпай).

«Шахтер» бұл турда «Жетісумен» кездесті. Матч Қарағандыдағы «Шахтер» стадионында өтіп, 3:1 есебімен аяқталды.

Ойынның 8-минутында Давид Атанасоскидің пасынан кейін Оралхан Әміртаев есеп ашты. 20-минутта «Жетісу» қақпасына пенальти белгіленді. Оралхан бұл мүмкіндікті де голға айналдырды. Дегенмен 32-минутта Одуэны Угочукву «Жетісу» сапындағы дебюттік голын соғып, есеп айырмасын қысқартты. Ал бірінші таймның аяқталуына 4 минут қалғанда Евгений Шикавка матчтың нүктесін қойды.

Үш ұпайға қол жеткізген Магомед Адиев шәкірттері он бірінші орынға көтерілді (19 ұпай). Ал талдықорғандық ұжым 11 ұпаймен ең соңғы орында қалды.

«Атырау» «Тұран» клубымен кездесті. Атыраудағы «Мұнайшы» стадионында өткен кездесу 2:2 есебімен аяқталды.

Ойынның 20-минутында «Тұран» есеп ашты. Александр Чик алғашқы голдың авторы атанды. Бірақ 42-минутта Даниэль Стойкович таразы басын теңестірді. Ал 72-минутта Самир Фазли «Тұран» жейдесіндегі алғашқы голын соқты. 81-минутта Брайан айып добын тамаша орындап, командасына бір ұпай сыйлады.

«Атырау» бұл ойыннан кейін 26 ұпаймен жетінші орында қала берді. Ал түрікстандық клуб 19 ұпаймен он екінші орында тұр. «Ақжайық» Қазақстан Премьер-лигасының 20-турында «Астананы» қабылдады. Матч Оралдағы Петр Атоян атындағы стадионда өтіп, 0:1 есебімен аяқталды.

Ойындағы жалғыз өрі жеңісті голды Валерий Чуперка 10-минутта соқты. Нәтижелі пасты Макс Эбонг өз еншісіне жазды.

Жеңіске жеткен елордалық клуб 44 ұпаймен турнирлік кестеде екінші орынға жайғасты. «Ақжайық» 24 ұпаймен бесінші орында қалды.

Қызыл-Жар» «Қайсарды» қабылдады. Кездесу Петропавлдағы «Қарасай» стадионында өтіп, 2:0 есебімен аяқталды.

Ойындағы алғашқы гол 61-минутта соғылды. «Қайсар» қақпашысы Марселль Исламқұлов Мұсаа Конеге қарсы ойын тәртібін бұзғандықтан, алаң иелері пенальти тебу құқығына ие болды. Ал бұл мүмкіндікті Әлібек Қарым мүлп жібермеді. Матчтың аяқталуына санаулы секундтар қалғанда Тимур Мұлыдинов есепті еселеді.

Петропавлдық клуб бұл ойыннан кейін 32 ұпаймен турнирлік кестеде 4-орынға сақтап қалды. Ал Владимир Никитенко шәкірттері 15 ұпаймен 13-орында тұр.





ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

Егемен елдің еркін жастары бүгінде табысты жандарға айналып үлгерді. Бұл – елдіктің ерөн үлесі. Барлық салада тәуелсіздік құрдастары адал еңбек етіп жүр.

ТӘУЕЛСІЗДІК БАҚЫТТЫ ӨМІР СЫЙЛАДЫ

– Тәуелсіздіктің арқасында бейбіт уақытта дүниеге келдік. Білім алдық, ел қатарлы еңбек етіп жүрміз. Заманымыз тыңшы, халқымыз аман. Менің ойымша, тәуелсіздіктің басты жемісі осы елдегі бейбіт өмір. Егемен елдің азаматы ретінде бақытқа көнедік. Тұрмыс құрып, қызмет пен отбасыны қатар алып жүрміз. Алға қойған айқын мақсаттарымыз да еліміздің тәуелсіздігімен бірге баянды болмақ. Тәуелсіздікпен бірге 30 жасымызды тойлап жатырмыз. Отыз жыл бір адамның жарты ғұмыры. Сондықтан келесі өмір белестерінің бақытқа толы болып өткенін қалаймын. Елімізде белсенді еңбек етіп, саналы өмір сүреміз деген әрбір азаматқа барлық мүмкіндік жасалған. Мен мемлекетіміздің болашағы жарқын болатынына сенемін, – дейді Шынар.

Шынар Ботабайқызы 1991 жылы 13 қаңтарда Қызылорда облысы, Жапағаш ауданы, Аққыр ауылында дүниеге келді. «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институтында «Мәдени-тыңу жұмысы» мамандығын меңгерген. Еңбек жолын «Сырдария» жазғы тыңу лагерінде тәрбиеші болып бастаған. Бүгінде Белкөл кенті әкімі аппаратының «Белкөл кентінің клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының әдіскері. Жары Манас Молдашевпен бірге бір ұл тәрбиелеп отыр.

– Сапалы еңбек ету – әрбір адамның міндеті. Егер де әрбір азамат өзін атқаратын жұмысын сапалы орындайтын болса, қоғам әрі қарай өркендейді. Өр сала өзін жетістігіне жетеді. Жастардың барлығында отансүйгіштік, патриоттық



сезім бар деп білемін. «Арман деген көп белес. Біріне шықсаң, бірі бар» депті Ғабиден Мұстафин. Асқақ армандарым көп. Біліктілігімді арттырып, қызметте табысты болу, адал қызмет ету. «...Өзің сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап...» деп талмай еңбектеніп, қажырлы жұмыс жасап, Сыр елінің шығармашылығын дамытуға өз үлесімді қосқым келеді, – дейді Шынар Мұстафаева.

Гүлнара МАҚЖАН



«Ғылым жолында» облыстық жас ғалымдар байқауы

Қызылорда облыстық «Ақмешіт жастары» газеті мен Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай жас ғалымдар арасында Темірбек Жүргенов атындағы сыйлық үшін байқау жариялайды.

Жалпы ережелер

Байқаудың мақсаты мен міндеті:
– Жас ғалымдарды ынталандару, шығармашыл жастарды насихаттау;

Байқаудың талаптары:

– Байқауға 18-35 жас аралығындағы жас ғалымдар қатыса алады.
– Байқауға ұсынылған материалдар кері қайтарылмайды.

Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі, мерзімі:

– Байқауға қатысушы үміткер өзі туралы қысқаша мәліметті және еркін тақырыпта жазылған ғылыми мақаласын aqmeshit.jastary@gmail.com поштасына жолдауы қажет немесе төменде көрсетілген редакция мекен-жайына қалдыруына болады. Байқау материалдарын қабылдау 1 қарашаға дейін жалғасады.
– Ғалымдардың жұмысын бағалау және жеңімпазды анықтау үшін кеңес құрылады.

Редакцияның мекен-жайы:

120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
Байланыс телефондары: 8 (7242) 40-11-10

JULDYZ – JORAMA!

(16 – 22 қыркүйек)

Толты
Өз кемшіліктеріңізді ойлап бас қатырмаңыз. Өзбейіңізге сенімді болыңыз. Өмірліктеріңіз және тектілігіңізді сақтаңыз. Сонда ғана жұмысыңыз да, жеке кәсібіңіз де алға қарай жылжиды. Алта есеп-қисаппен айналысып, жоба немесе жоспар құруға өте ыңғайлы.

Таразы
Сіз – шынайысыз. Сондай-ақ көз келген қиын тапсырманы оңай орындай аласыз. Достарыңызға көмек көрсетуден қашпаңыз. Алта жолға шығуға және ақпараттар легін жинауға қолайлы болмақ.

Сарышаян
Апта махаббатыңызды мойындап, романтикалық көш ұйымдастыруға өте ыңғайлы. Балаларыңыздың немен айналысып жүргеніне мән беріп, көңіл бөліңіз. Жақындарыңыз бен сүйікті адамыңызға сыйлық жасап, көңілін аулаңыз.

Мерген
Өріптеріңізбен және достарыңызбен дауласпаңыз. Бұл жақты емес. Алтада өте ашушаң болсаңыз. Ол сөзіңізден де ісіңізден де байқалады. Ұстамды болуға тырысыңыз. Сабырлылық танытыңыз.

Тауешкі
Қолдан келер іспен айналысыңыз. Аспандағы аңыз қол созудың қажеті жоқ. Үйде ұсақ-түйек істі атқарып, қаржылық мәселені бір-жақты етіңіз. Үйге зат сатып алудың немес артық ақша жинаудың қажеті жоқ.

Сұқұйғыш
Аптада күш-қуатыңыз мол болмақ. Белсенділік таныту өзі пайдасын әкелмесе, зиянын тигізбейді. Келік жүргізетін болсаңыз, жолда бабы болыңыз. Сізге көбіне нәзікжандар көп көмегін тигізеді.

Балықтар
Орын алатын оқиғалардың барлығы сізге оң әсерін тигізеді. Сіз лауазымды тұлғалардың немесе өріптеріңіздің көмегіне жүгіне аласыз. Олар сізге бағыт-бағдар беріп, мақсатқа жетуге көмектеседі.

Бикеш
Жұмыс барысында танысқан жандармен қолға алған істі жүзеге асыратын боласыз. Қызметіңізді жоғарылатуға немесе қаржылай қолдайтын жандардан көмек алуға толық мүмкіндігіңіз бар.



Әділхан Бәймен атындағы «Қалам қуаты» атты эксклюзивті сұхбат байқауы

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты басылым журналистері арасында белгілі қаламгер, «Ақмешіт апталығы» газетінің негізін қалаушы әрі тұңғыш редакторы Әділхан Бәймен атындағы «Қалам қуаты» атты эксклюзивті сұхбаттар байқауын жариялайды.

Байқаудың мақсаты:

Ел Тәуелсіздігінің мерейлі жылғында Тәуелсіздік тулғаларын, Тәуелсіздік тарту еткен жетістікті кейіпкерлер арқылы көрсету. Тәуелсіз ел тарихында ел дамуына үлес қосқан тұлғалардың еңбегін дәріптеу. Сұхбат жанрын уақыт талабына сай жаңа қырынан дамыту, журналист шеберлігін бағалау.

Байқау талабы:

Байқау үміткерлер жасына шек қойылмайды. Кез келген тақырыпта сұхбат жүргізуге мүмкіндік беріледі. Байқау үміткер биылғы жылдың 1 қаңтарынан бастап желтоқсан айына дейін газетте жарияланған сұхбаттарды ұсына алады. Сұхбат көлеміне шек қойылмайды. Байқау материалдарын сараптауда тақырыптың өзектілігі, кейіпкердің болмысын ұсыну және көз назарын аударар тақырып пен кейіпкер таңдауы, шынайылығы, сұхбат талабына сай келуі бағаланады. Байқауға қатысатын үміткерлер ұйымдастыру комиссиясына (Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 А, байланыс телефоны 8(7242) 40-11-10), өзі туралы қысқаша мәлімет, газетте жарияланған сұхбатының PDF нұсқасын ұсынуы шарт. Байқауға ұсынылған материалдарды арнайы құрылған қазақша алқасы анықтайды.

Байқау қорытындысы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында жарияланып, үздік сұхбат авторлары арнайы марапатталады.
«Ақмешіт апталығы» газетінің электронды поштасы: aqmeshit.kz@mail.ru.

Кезекші редактор: Е.ШӘРІБЕК

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті. ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

<p>БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРАБАЕВ</p>	<p>Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.</p>	<p>Таралымы: 8517 Тапсырыс: 1349</p>
<p>Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10</p>	<p>Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz</p>	
<p>БАС РЕДАКТОР Айжан АБДУЛЛАЕВА</p>		